

BILIM AINASY

ҚАРАША - НОЯБРЬ 2025



БІРТҰТАС ТӘРБИЕ:
АДАЛ АЗАМАТ,
КӘСІБИ МАМАН

BILIMAINASY.KZ

«Білім айнасы» 2025 ж.

**«Білім айнасы» газетінің қосымшасы қараша 2025 ж. №11 (71-1356 - журнал)
Приложение к газете «Білім айнасы» ноябрь 2025 г. №11 (71-1356 - журнал)**

Қазақстан Республикасы ұстаздарының ашық сабақтар, баяндама, сценарийлер жиынтығы.

Разработки уроков, занятий и внеклассных мероприятий, сценариев, докладов учителей РК.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитетінде №14080-Г, 30.12.2013 жылы тіркелген.

Поставлен на учет в Министерстве Культуры и Информации Республики Казахстан, и в Комитете информации и Архивов за №14080-Г от 30.12.2013 г.

Аты: «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газеті.

Название: Республиканская научно-познавательная газета "Білім айнасы".

Тілі: қазақша, орысша.

Язык: казахский, русский.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім саласына арналған танымдық газет.

Основное тематическое направление: научно-познавательная газета для образовательной сферы.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Территория распространения: Республика Казахстан

Редакция авторлардың пікірімен келісе бермейді. Сөздік, басқа да мәселелер бойынша авторлар өздері жауапты.

Мнение авторов и редакции может не совпадать. Ответственность за опубликованный материал несет сам автор.

Астана, 2025 жыл

Мазмұны:
Содержание:

1. Смакова А.Д., Сомшина А.Е., Омарова М.К. - Изгілік нұры авторлық бағдарламасының тәрбиелік мәні.....	4
2. Атайбекова Қ.Ж., Маңғыштай Ш.А. - Өзің оқы, өзгеге ұсын.....	8
3. Онбаева Г.Ш. - Стереометрия курсын оқытуда динамикалық геометрия жүйелерін қолдану негізінде білім алушылардың кеңістік түсініктерін дамыту.....	11
4. Әбдісәлімова А.Е. - Балалардың танымдық қабілетін дамытудағы ойын тәжірибесінің маңызы.....	15
5. Серікова С.С. - Мектепке дейінгі тәрбиеде ұлттық құндылықтарды заманауи әдістермен дамыту.....	18
6. Ералы Л.Ғ. - Жасанды интеллект арқылы бастауыш сынып оқушыларының креативті ойлауын дамытудың маңызы.....	19
7. Карабалина А.А. - Роль учителя истории в формировании гражданской идентичности учащихся.....	23
8. Умбет Ж.А. - Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, ал әрбір бала – ел ертеңі.....	24
9. Дарошева Ж.Н. - Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект: информатика мұғалімінің кәсіби дамуының жаңа парадигмасы.....	25
10. Anarbek A. - Developing Reading Literacy in 8th Grade Students: International Context and Classroom Practices.....	27
11. Ауезбаев М.К. - Бес асық ойыны: қыз балалардың зерделік және моторикалық қабілеттерін дамыту.....	29
12. Жазнаева А.Д., Абдрахманова А.Ж. - Использование ИИ для обучения английскому языку учеников 7 класса.....	31
13. Нұркеева А.Ә. - Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық білім беру аспектісі.....	35
14. Рахметова А.К. - Жасанды интеллектті пайдалану арқылы оқушылардың математикалық ойлауын дамыту жолдары.....	38
15. Кенжебекова М.С. - Ойын арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.....	42
16. Қрыкбаева А.С. - Балалардың тілдерін дамытуда қазақ ауыз әдебиетінің орны.....	45

17. Умбетова П.У. - Оқушы шығармашылығын дамытудағы ансамбль сабағының маңыздылығы: педагогтерге арналған әдістемелік құралдың тиімділігі.....	48
18. Отарбаева Р.Г., Кумпейсов У.А. - Интеграция проектно-исследовательской деятельности и производственной практики в формировании профессиональных компетенций будущего специалиста геолога.....	50
19. Мүтан А.М. - Қазақстан тарихын оқытудағы заманауи тиімді әдістер мен тәсілдер.....	53
20. Билялова А.Ж. - Балалардың қаржылық сауаттылығын қалыптастырудағы тәрбиешінің рөлі.....	55

Смакова Анар Долдабековна,
меңгеруші
Сомшина Ақмарал Есімхановна,
әдіскер
Омарова Мадина Канатовна,
инновация әдіскері
№95 Алматы балабақшасы

«Ізгілік нұры» авторлық бағдарламасының тәрбиелік мәні

Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің басты мақсаты - баланың жеке тұлға ретінде үйлесімді дамуына жағдай жасау. Әлемдік педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, тұлғаның адамгершілік қасиеттері мен өмірлік құндылықтары дәл осы мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан білім берудің ізгілендіру бағыты - заманауи қоғам талаптарына жауап беретін өзекті мәселе болып табылады.

№95 Алматы балабақшасында арнайы эксперимент жүргізіліп 2022-2025 жылдар аралығында байқаудан өткізілді. Зерттеу жұмыстары бірнеше кезең бойынша ұйымдастырылды: дайындық, диагностикалық, тәжірибелік-эксперименттік және қорытынды кезеңдері. Алғашқы кезеңде балалардың адамгершілік мінез-құлқы, қарым-қатынас мәдениеті және әлеуметтік дағдылары анықталып, тәрбиелеу үдерісіндегі өзекті мәселелер айқындалды. Кейінгі кезеңдерде балалардың жас ерекшелігіне сай арнайы әдістер, ойын технологиялары, сюжеттік-рөлдік жағдаяттар, құндылыққа бағытталған әңгімелер ұйымдастырылған іс-әрекеттерге енгізілді.



«Ізгілік нұры» бағдарламасының өзектілігі оның адамды рухани тұрғыдан жетілдіруге, мейірімділік, қайырымдылық, сыйластық, әділдік, жауапкершілік сияқты ізгі қасиеттерді бала бойына дарытуға бағытталғанында. Бағдарлама білім мен тәрбиенің тұтастығын сақтай отырып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды біріктіреді. Бұл – баланың рухани дүниесін байытуға, ішкі мәдениетін қалыптастыруға және әлеуметтік ортада дұрыс қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.



Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен психология қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның, барша халықтың міндеті. Замана алға қойған бұл міндеттерді өз мәнінде шешу үшін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын түбегейлі жаңарту көзделуде. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңалыққа жаршы болу үздіксіз тәрбие негізінің бастау бұлағы – мектепке дейінгі ұйымдардан басталғаны орынды.

Бағдарлама негізіне осы салада еңбек етіп жүрген отандық және шет елдер ғалымдарының мектеп жасына дейінгі балалардың жас және психо-физиологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, іріктеп, бейімдеумен ұсынған адамзаттың қоғамдық–тарихи тәжірибесін қамтитын компоненттері – білім, іскерлік пен дағдылар, шығармашылық әрекет және өмірлік эмоционалдық қатынас тәжірибелерін алу көзделді. Көзделіп отырған ауқымда білім, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бағдарлама ең алдымен мектепке дейінгі ұйымдардағы берілетін білім мазмұнын ізгілендіру, жаңарту, баланың дене және психикалық, эмоционалдық саулығын нығайту, дара ерекшелігін дамыту, өмірлік дағды қалыптастыруға жағдай жасауға бағытталған.

Бағдарламада адам тұлғасы дамуының маңызды кезеңі ретіндегі мектепке дейінгі балалықтың өзіндік құндылығын сақтауға, тәрбиелеу мен білім беру мазмұнын, мақсат, міндеттері мен ұйымдастыру формаларын, ізгілік әдіс-тәсілдерін, құралдарын қоғамдық сұраныстарға сәйкес үздіксіз жаңартып отыруға басты назар аударылады. Бала тұлғасын қалыптастыру мен дамытуда олардың жетекші әрекеттерін негізге ала отырып тәрбиелеу мен оқыту үдерісін ізгілікті қарым - қатынасқа, зерттеу-ізвестіруге, үлкендермен және құрдастарымен ынтымақтастыққа құру көзделеді.

Бағдарламаның мақсаты - жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтар негізінде жас ұрпақты ізгілікке, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, ата-аналармен тығыз байланыстағы ынтымақтастық орнату.

Бағдарламаның міндеттері:

- ізгілік педагогикасы негізінде балаларға рухани-адамгершілік тәрбие беру;
- баланың өмірін сақтау, денсаулығын нығайту, өзін өзі тануға жағдай жасау, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру;
- үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, айналасындағы адамдарды, достарын, туыстары мен жақындарын жақсы көруге, қамқорлық жасауға, мейірімді болуға үйрету;

- ана тілінде дұрыс сөйлеу дағдыларын және көптілдік ортада қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыруда ата-аналармен тығыз байланыс орнықтыру;
- баланың танымдық қызығушылығын, интеллектуалдық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыру;
- ізгілік әдіс-тәсілдері негізінде балалардың өмірлік дағдыларын қалыптастыру, өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау;
- адамдарға көмек көрсету, туыстарына және жақындарына мейірімді, қамқор болу, өзімен-өзі үндестікте өмір сүру, ойы, сөзі және іс-әрекеттерінде шынайы болу;
- жасампаздықпен белсенділік, елжандылық таныту, өз ойын, сөзі мен ісін адамгершілік тұрғысынан таңдауға дайын болу және оған жауапты болу;
- сүйіспеншілік, махаббат, сыпайылық, адалдық, Отан, өмір, денсаулық, адам, отбасы, достық, табиғат сияқты рухани-адамгершілік құндылықтар туралы түсінік беру;
- ата-аналармен ізгілік тәрбиесін бірлесе, ынтымақтастықта жүргізу жолдарын нақтылау;

Бағдарламаның жаңашылдығы:

1. *Ізгілік құндылықтарын тәжірибелік әрекет арқылы қалыптастыру* – балалар өзара қарым-қатынас, ойын, шығармашылық және зерттеу қызметі барысында мейірім, сыйластық, әділдік сияқты қасиеттерді сезініп, өмірде қолдануға үйренеді.

2. *Интеграциялық тәсіл* – рухани-адамгершілік тәрбиені тіл дамыту, экологиялық, көркемдік және танымдық бағыттармен кіріктіру арқылы баланың тұтас тұлғалық дамуына ықпал етеді.

3. *Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесімі* – қазақ халқының мәдени мұрасын, дәстүрі мен әдет-ғұрпын заманауи ізгілік мазмұнымен ұштастырады.

4. *Эмоционалдық интеллектті дамыту* – баланың өз сезімін түсіну, басқаның эмоциясына жауап беру қабілетін жетілдіру арқылы әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етеді.

5. *Цифрлық және көрнекілік құралдарды үйлестіру* – интерактивті әдістер, мультимедиялық ойындар мен визуалды материалдар арқылы ізгілік идеяларын қызықты және әсерлі түрде жеткізеді.

Осылайша, «Ізгілік нұры» бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдарда рухани-адамгершілік тәрбие берудің инновациялық моделін қалыптастырып, тәрбиенің ізгілендіру бағытын жаңаша деңгейге көтереді. Оның **тәрбиелік мәні** баланың рухани-адамгершілік әлемін қалыптастыруға, мейірім мен әділдік, жауапкершілік пен сыйластық сияқты асыл қасиеттерді бойына сіңіруге бағытталған.

Рухани-адамгершілік бағыттылығы. Бағдарламаның өзегі – баланың ішкі жан дүниесін байыту, ізгілік, қайырымдылық, сүйіспеншілік сияқты моральдық құндылықтарды дамыту. Бұл бағыт Ш. Амонашвилидің ізгілік педагогикасы идеясымен үндесіп, әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдауды көздейді.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың бірлігі. Бағдарлама мазмұнында қазақ халқының дәстүрі, салты, әдеп-ғұрпы мен халық даналығы көрініс табады. Ол арқылы бала туған жерге, ата-анаға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйренеді.

Эмоциялық мәдениетті қалыптастыру. Баланың эмоциялық интеллектісін дамытуға басымдық беріледі. Ойын, көркем әдебиет, сахналау, әңгімелесу арқылы бала өз сезімін түсінуге, басқаны тыңдап, жанашырлық танытуға үйренеді.

Қарым-қатынас және бейімделу мәдениеті. Бағдарламада бала мен ересек арасындағы өзара сенім, түсіністік, жылы қатынас басты құндылық ретінде қарастырылады. Бұл педагог пен бала арасындағы серіктестік қарым-қатынасты қалыптастырады.

Тұлғалық дамуға бағытталған тәрбиелік орта. «Ізгілік нұры» баланың өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау және өзін дамыту қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Мұндай ортада әр бала өзін маңызды, бағалы тұлға ретінде сезінеді.

Ойымызды қорытынлай келе, бұл бағдарламаның тәрбиелік мәні- баланың жүрегіне мейірім мен адамгершіліктің нұрын себу, ізгі ой мен ізгі іс арқылы рухани бай, мәдениетті, елжанды тұлға тәрбиелеуінде. Бағдарлама - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың гуманистік парадигмасына негізделген, тұлғаның рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық жүйе. Бағдарлама арқылы бала ізгі ойлауға, мейірімді қарым-қатынас жасауға, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға үйренеді. Ол баланың тек білімдік емес, адамдық болмысын қалыптастыруды көздейді. Тұжырымдап айтқанда, «Ізгілік нұры» бағдарламасының тәрбиелік өзегі - баланың жүрегіне ізгілік сәулесін түсіріп, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды біріктіре отырып, рухани бай, мәдениетті, адамгершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу.

Атайбекова Қарлығаш Жанатқызы,
қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәні мұғалімі
Маңғыштай Шолпан Арларқызы,
кітапханашы
Алматы қаласы, Түрксіб ауданы
№198 мектеп-гимназия

Өзің оқы, өзгеге ұсын

Kitap – адамдар арасындағы рухани көпір.

Заманауи технологиялар қарыштап дамыған дәуірде ақпарат алудың жолы көп. Алайда, кітаптың орны қашан да бөлек. Кітап оқу – жай ғана хобби емес, бұл – тұлғалық дамудың, сыни ойлаудың және рухани кемелденудің негізгі құралы. Бүгінгі таңдағы ең өзекті ұрандардың бірі – **"Өзің оқы, өзгеге ұсын"**. Осыған орай №198 мектептің киелі шаңырағында осы тақырыпта 9-10 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел барысында оқушыларға кітапқа қатысты сұрақтар қойылып, ұтымды жауаптар алынды. Мектебіміздің кітапханашысы мектептегі кітаптың қоры, кітап оқудың пайдасы туралы баяндап өтті. Қазақ тілі пәні мұғалімі жасанды интеллектті қолдана отырып, тапсырмалар ұсынды. Дөңгелек үстел 3 айналымнан тұрды:

1. «Сұрақ-жауап» айдары
2. Біз қалай және нені оқимыз?
3. Буктрейлер



1. Кітап-рухани азық

Адам өзгеге жарығын түсіру үшін, алдымен өзі нұрлануы керек. "Өзің оқы" деген сөз – өзін-өзі тануға шақыру екендігін оқушыларға жеткізе білдік. Ол үшін біз осы үш мақсатты жүзеге асырдық:

• **Ой-өрісті кеңейту:** Кітап оқыған адамның сөздік қоры байып қана қоймай, әлемге деген көзқарасы өзгереді. Ол өзге елдердің мәдениетін, тарихын және адамзаттық құндылықтарды бойына сіңіреді.

• **Эмоционалды интеллект:** Көркем әдебиет оқу арқылы біз кейіпкерлердің күйін кешіп, эмпатия (жанашырлық) сезімін дамытамыз. Бұл өмірде адамдарды тереңірек түсінуге көмектеседі.

• **Сыни ойлау:** Жақсы кітап оқырманды ойлануға, талдау жасауға және өз пікірін қалыптастыруға жетелейді. Атаулы оқушыларға:

Асетхан Амина «Гауһар тас»

Амиров Ерасыл «Жабайы алма»

Қасымханов Нұрасыл «Шоқан асулары»

Мұрат Каусар «Ұшқан ұя»,

Абдихимит Аяжан «Жау тылындағы бала» кітаптары оқуға ұсынылды.

Оқушылар таныстыру құрылымын сақтай отырып кітап жайлы ақпарат берді.

- Кітаптың атауы, авторы, жанры.
- Неліктен осы кітапты таңдады?
- Кітаптың негізгі идеясы мен маңызы.
- Кітап сізге не берді? (Өмірге көзқарас, білім, эмоция).
- Неліктен сіз оны өзге сыныптастарыңызға ұсынасыз?



2. Буктрейлер. Білім бөліссе – көбейеді

Буктрейлер мақсаты– "Өзгеге ұсыну". Оқушылар өздері оқыған кітап бойынша буктрейлер дайындап, кітапты оқырмандарға жарнамалады. Бұл әдіс оқырманның жүрегіне жол табу көзі болып табылады. Оқырмандарды кітаптың мазмұнына қызықтырып, баяндап бейнеролик ұсынды. Жақсы кітапты өзгеге ұсыну арқылы оқушылар дiттеген мақсатқа қол жеткізді:

• **Ортақ тіл табысу:** Бір кітапты оқыған адамдардың әңгімесі жарасады, олардың арасында рухани байланыс орнайды.

• **Жақсылыққа себепші болу:** Оқушы ұсынған бір ғана кітап досының, туысының өмірін түбегейлі жақсы жаққа өзгертуі мүмкін. Мүмкін ол сол кітаптан өзін мазалаған сұрақтың жауабын табатын шығар?

• **Оқырман ортасы қалыптастыру:** Кітап ұсыну арқылы қоғамда кітап оқу мәдениетін насихаттады. Сауатты ұрпақ, көзі ашық қоғам осылай құрылады.

• Дөңгелек үстел соңында оқушыларға мадақтама грамотасы және сыйлыққа белгілі ақын, жазушылардың кітаптары берілді.



"Өзің оқы, өзгеге ұсын" – бұл жай ғана акция емес, бұл – өмір салты. Әр оқылған кітап – санаға салынған дән, ал оны өзгеге ұсыну – сол дәннің жемісін бөлісу.

Келіңіз, бүгін бір жақсы кітапты қолға алып, оқып біткен соң жанымыздағы адамға: **"Бұл кітапты міндетті түрде оқып көрші, саған ұнайтынына сенімдімін"**, – деп айтайық. Білім мен ізгілік тізбегі сізден басталсын!



Онбаева Гулсим Шукировна,
Шымкент қаласы
Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті
магистрант

Стереометрия курсынын оқытуда динамикалық геометрия жүйелерін қолдану негізінде білім алушылардың кеңістік түсініктерін дамыту

Андатпа

Мақалада стереометрия курсынын оқытуда динамикалық геометрия жүйелерін қолданудың тиімділігі қарастырылған. Зерттеу барысында оқушылардың кеңістік түсініктерін қалыптастыруға ықпал ететін әдістер, тәсілдер және ақпараттық технологиялардың рөлі талданады. Динамикалық моделдер арқылы оқытудың оқу үдерісіне әсері, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудағы маңызы мен педагогикалық артықшылықтары айқындалады.

Түйін сөздер: стереометрия, динамикалық геометрия жүйелері, кеңістік түсінік, визуализация, GeoGebra 3D, интерактивті оқыту.

Кіріспе.

Қазіргі білім беру кеңістігінде геометрияны, соның ішінде стереометрияны оқытудың жаңа әдістерін қолдануға деген талаптар артуда. Кеңістіктегі фигуралардың қасиеттерін оқушылардан ерекше ойлау әрекетін, кеңістікті елестету қабілетін қажет етеді. Дәстүрлі оқыту әдістерінде бұл қабілеттерді дамыту көбіне шектеулі визуализациямен байланыстырылады. Ал қазіргі уақытта стереометрияны оқытуда динамикалық геометрия жүйелерін қолдану кеңінен таралып келеді. Динамикалық жүйелердің бірі GeoGebra 3D секілді бағдарламалар оқушыларға үш өлшемді модельдермен жұмыс істеуге, оларды түрлендіруге және зерттеуге мүмкіндік береді.

Стереометрия кеңістікте бейнелеу дағдыларын қалыптастырудың негізгі құралы болғанымен, дәстүрлі оқулықтағы статикалық суреттер күрделі фигураларды толық түсіндіруге толыққанды мүмкіндік бермейді. Сондықтан үш өлшемді кеңістіктің ерекшеліктерін меңгеру көп жағдайда динамикалық модельдер арқылы тиімді іске асады.

Сол себепті, динамикалық геометрия жүйелерін қолдану арқылы стереометрияны оқытуда оқушылардың кеңістік түсініктерін жүйелі түрде дамыту жолдарын анықтауды мақсат еттім.

Осы мақсатқа жетуде тақырыптың зерттеу міндеттерін анықтап берді.

- стереометрияны оқытудағы қиындықтарды талдау;
- динамикалық геометрия жүйелерінің мүмкіндіктерін қарастыру;
- оқушылардың кеңістіктік түсініктерін дамытуға әсер ететін әдістемелік тәсілдерді анықтау;
- оқытуда динамикалық модельдерді қолданудың тиімділігін дәлелдеу.

Әдістемелік негіздер

Сонымен қатар, геометриялық есептердің берілу шарты толық болмаған жағдайда, келесі түрдегідей келеңсіздік туындайды: біріншіден, қажетті деректерді нақты, толық айтылмағандықтан дұрыс шешімі болмайды, екіншіден нақты жауаптары белгісіз яғни,

бірнеше жауаптары болады. Оқушы есептің формальды құрылымын толық түсініп, есептің барлық объектілерін өзара байланыстыра алғанда ғана, берілген есеп шартындағы жетіспейтін деректерін көрсете алады. Әдетте, шарты белгісіз болған есепті шешу анықталмаған жауаппен аяқталады, онда қажетті ізелінді шама кейбір сандық жиынның мәндерін қабылдай алады. Бұл жиынды анықтау осындай есепті шешудің мақсаты болуы керек, оған есепті талдау және шешуді зерттеу сияқты мәселелерді қарастыру кезеңдері арқылы қол жеткізіледі [1].

Динамикалық геометрия жүйелерін тиімді пайдалану бірнеше әдістемелік талаптарды қажет етеді. Атап айтқанда:

- 1) көрнекілік және интерактивтілік принциптері – үш өлшемді модельдер арқылы нақты түсіндіру;
- 2) зерттеушілік қызметті ұйымдастыру – оқушының білімді өздігінен ашуы;
- 3) әрекет арқылы оқыту – модельді түрлендіру арқылы практикалық тәжірибе жинақтау;
- 4) саралап оқыту – оқушының қабілетіне қарай тапсырмаларды түрлендіру.

Мақалада зерттеу міндеттерін орындау барысында қарастырылған мысалдар келтірілді.

Динамикалық геометрия бағдарламалары кеңістікті визуализациялаудың жаңа деңгейін ұсынады. GeoGebra 3D жүйесінде оқушылар объектіні толық айналдырып көре алады, оның қимасын, биіктігін, бұрыштарын өзгерте отырып, фигураның құрылымын тереңірек түсінеді. Бұл тәсіл оқушылардың дербес зерттеу жүргізуіне, логикалық - кеңістік ойлауын дамытуына мүмкіндік береді.

Динамикалық модельдер оқушылардың оқу материалын қабылдауын жеңілдетіп қана қоймай, олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сабақтағы белсенді әрекетке негізделген жұмыс формалары білім алушылардың танымдық дербестігін нығайтады.

Сондықтан стереометрияны оқытуда заманауи виртуалды оқыту құралдарын пайдалану білім алушылардың кеңістіктік елестетуін дамытудың негізгі шарттарының бірі болып табылады, ол 3D модельдеудің интерактивтілігі мен толықтырылған шындық әсерін қолданудан тұрады. Қолымызда қағаз бетіне басылған кескін үлгілері жинағы болатын болса Л.В. Шелевердің айтуынша, біз кез келген уақытта оқу нысанының тек көлемін ғана емес, сонымен қатар онымен бірқатар манипуляцияларды жасай аламыз, яғни оған «бүйірден» немесе «жоғарыдан» қарай аламыз [2].

Бұл әдістемелер кеңістік елестету дағдыларын дамытуға, логикалық ойлауды жетілдіруге және оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға септігін тигізеді.


Мысалдар қарастырсақ:

Стереометрия есептері: GeoGebra 3D арқылы шығару мысалдары

Есеп 1. Кеңістіктегі түзу мен жазықтық арасындағы бұрыш (куб мысалы)

Берілгені: Қыры a болатын $ABCD A' B' C' D'$ кубында кеңістіктік диагональ AA' және табан жазықтығы $ABCD$. Түзу AA' мен жазықтық $ABCD$ арасындағы бұрышты табыңыз.

Шешуі: Кубтың қыры a болса, AA' ұзындығы $a\sqrt{3}$. Түзудің жазықтыққа



Сурет 1 - Куб

проекциясы - AC диагоналі, оның ұзындығы $a\sqrt{2}$. Сондықтан $\sin \varphi = (\text{биіктік компоненті})/|AA'| = a / (a\sqrt{3}) = 1/\sqrt{3}$, демек $\varphi = \arcsin(1/\sqrt{3})$.

GeoGebra 3D қадамдары:

- 1) «Куб» немесе «Призма» құралы арқылы қыры a болатын кубты салыңыз (немесе A,B,C,D нүктелерін енгізіп, параллель көшіру арқылы A'B'C'D' алыңыз).
- 2) «Кесінді» құралымен AA' және AC диагоналін белгілеңіз.
- 3) «Бұрыш» құралымен AA' түзуі мен ABCD жазықтығы арасындағы бұрышты (AA' мен оның проекциясы AC арқылы) өлшеніз.
- 4) Алгебра терезесінде өлшенген бұрыш мәнін салыстырыңыз: $\varphi \approx 35.264^\circ$.


Есеп 2. Пирамиданың табанына параллель қиманың өлшемдері

Берілгені: Төбесі S, табаны – қабырғасы a болатын ABCD шаршыдан тұратын дұрыс төртбұрышты пирамида. $z = h$ деңгейінде табан жазықтығына параллель қима жүргізілген. Қиманың қабырғасын және ауданын табыңыз.

Шешуі: Қима табанға ұқсас шаршы, ұқсастық коэффициенті $k = 1 - h/HS$ (егер HS – пирамиданың биіктігі). Сонда қиманың қабырғасы $a \cdot k$, ал ауданы $a^2 \cdot k^2$.

GeoGebra 3D қадамдары:

- 1) Табан ретінде ABCD шаршысын салыңыз, S төбесін биіктікке орнатыңыз (координаталармен: $A(-a/2, -a/2, 0), \dots, S(0, 0, HS)$).
- 2) «Үш нүкте арқылы жазықтық» немесе $z=h$ түрінде «Жазықтық» енгізіңіз.
- 3) «Қиманы салу» үшін жазықтық пен пирамиданың қию сызықтарын табыңыз (шикізат ретінде «Кесінді», «Көпбұрыш» қолданыңыз).
- 4) «Өлшеу» құралдарымен қиманың қабырғасын және ауданын анықтаңыз; нәтижені $k = 1 - h/HS$ формуласымен тексеріңіз.




Сурет 2 - Пирамида

Есеп 3. Қиылыспайтын екі түзудің ең қысқа арақашықтығы (тікбұрышты призма)

Берілгені: Қыры $L \times W \times H$ болатын тікбұрышты призманың төменгі алдыңғы қыры AB және жоғарғы артқы қыры C'D' қарастырылсын. Түзулер AB және C'D' қиылыспайды және параллель емес (айқас түзулер). Екі түзу арасының ең қысқа қашықтығын табыңыз.

Шешуі: Векторлар бағыттарын алып, нормаль векторды $n = (AB) \times (C'D')$ табамыз. Екі түзудің бір-біріне қатысты нүктелері арқылы r векторын алып, қашықтық $d = |r \cdot \hat{n}|$ формуласымен есептеледі (\hat{n} – бірлік нормаль векторы). Тікбұрышты призманың бұл конфигурациясында $d = \sqrt{(W^2 + H^2)} / \sqrt{2}$ тәрізді арақашықтық арнайы тандалған нүктелер үшін шығады; координаталық әдіспен нақты мәнді есептеуге болады.



Сурет 3 - Тікбұрышты призма

GeoGebra 3D қадамдары:

- 1) Параллелепипедті координаталар арқылы енгізіңіз: $A(0,0,0)$, $B(L,0,0)$, $C(L,W,0)$, $D(0,W,0)$, $A'(0,0,H)$, ...
- 2) «Түзу» құралымен AB және $C'D'$ түзулерін жасаңыз.
- 3) «Аарақашықтық (Түзуден түзуге)» немесе векторлық әдіс: $n = (AB) \times (C'D')$, $r = AC'$; $d = |r \cdot \hat{n}|$.
- 4) Алынған мәнді Алгебра терезесіндегі сандық есеппен растаңыз.

Қорытынды

Стереометрия курсының оқытуда динамикалық геометрия жүйелерін қолдану білім алушылардың кеңістікті меңгеру қабілетін едәуір арттырады. Үш өлшемді модельдер күрделі геометриялық ұғымдарды түсіндіруді жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың танымдық белсенділігін, зерттеушілік қабілетін және пәнге деген қызығушылығын күшейтеді. Динамикалық геометрия құралдарын жүйелі қолдану – заманауи білім берудегі әдіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Талғатұлы А., Фазылова А. 10-11 сыныптарға арналған геометрия курсында өзара байланысты есептер блоктарын құрастыру әдістемесі. – 2021.
2. Утеулиев Н. С., Мадияров Н. К. Студенттерге геометрия курсының оқытуда жаңа цифрлық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері // Вестник университета Ясави. – 2022. – Т. 2. – №. 124. – С. 243-255.
3. 3.ҚР БҒМ Білім мазмұны стандарты. – Астана, 2022.
4. Смирнов, В. А. Геометрия: учебник для 11 класса / В. А. Смирнов, Е. А. Тұяқов. — Алматы : Мектеп, 2019.



Әбдісәлімова Айсұлу Еркінқызы,
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, 3-Интернационал ауылы
№9 «Достық» бөбекжай-бақшасы
тәрбиеші

Балалардың танымдық қабілетін дамытудағы ойын тәжірибесінің маңызы

Мектеп жасына дейінгі баланың дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекеті - ойын. Ойын арқылы бала өзінің қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен адамдардың еңбегімен қарым - қатынастармен таныстырады. Бүгінгі күні мектепке дейінгі жастағы балалардың толық интеллектуалды даму мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Интеллектуалды толық дамыған мектеп жасына дейінгі бала берілген материалды тез қабылдайды, өзінің күшіне сенімді, айналасындағылармен тез тіл табысады. Сол себепті мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ұйымдастырылған іс-әрекетінде зейін, есте сақтау, ойлау қабілеті, елестету, сөздік қорын дамытатын және жаттықтыратын жұмыстарға көп көңіл бөлінеді.

Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, көңілін көтеру әдісі деп қарамай жас ерекшеліктеріне сай олардың көз қарастарын мінез-құлықтарын қалыптастыру құралы деп ерекше бағалаған. Ойын балалар үшін айналадағыны танып,білу тәсілі. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызының жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазады: «Бала ойында қалай болса, кейін өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады». Сондықтан келешек өсіріп отырған тұлғаларымызды тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Ойынның негізгі ерекшеліктері – ол балалардың қоршаған ортаны, адамдардың қимылын, іс-әрекетін олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Бала – ешқашан үнсіз ойнамайды, ол жүреді, сөйлейді, ыңылдайды, секіреді, орын барысында сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Білім беру саласында өскелең ұрпақты дамыған елдердің қатарында көру үшін үздіксіз еңбек етуде кез-келген педагогтың алдына қойған мақсаты – оқу-тәрбие сапасын көтеру үшін балалардың қызығушылықтарын арттырып, танымдық қабілетін дамыту.

Бұл мақсатты жүзеге асыру педагогтың шеберлігі мен біліктілігіне байланысты. Білім беру саласында балалардың білімді игеруге деген құлшынысын арттыру үшін әр түрлі жаңа технологиялар ауадай қажет. Сондай технологиялардың бірі – ойын элементтерін пайдалану.

Ойын барысында бала өзі ғана емес қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды сол арқылы бір- бірімен өзара қарым -қатынас жасайды. Мұның өзі баланың дамуы үшін маңызды. Ойында бала «адамзат тәжірибесі аясында» өзін-өзі көрсету қызметін көрсетеді. Өйткені, ойын бір жағынан баланың практикада өмірлік нақты қиындықтарды жою жобасын тексеруге және құруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан тәжірибесінің олқы тұстарын айқындауға мүмкіндік береді. Балаға ойын арқылы білім беру және танымдық дағдыларын дамыту ұйымдастырылған іс әрекеттерде жүзеге асырылады. Ойын іс-әрекет басында – өткен іс-әрекетін еске түсіру шараларын іске асыруға негіз болады. Ұйымдастырылған іс-әрекет ортасында ойын – көңіл-күйін сергіту, ерік-жігерін дамыту, ойлауға ынтасын арттыру жағдайын жасайды. Іс-әрекет соңында ойын– тақырыпты қорыту, ұйымдастырылған іс-әрекетінде алған білімді жинақтау мақсатын көздейді. Осы аталған

жүйені қолдануда ойындардың түрлерін ажыратып қолдану сапалы нәтиже береді. Баланың меңгерген білімінің сапасын анықтауда «Санамақ», «Пішінді сәйкестендіріп орналастыр», «Заттарды салыстыру», «Не өзгерді?» дидактикалық ойындар кеңінен қолданылады.

Дидактикалық ойындар сәбилер тобынан басталады. Мұнда жоғары топтарға қарағанда жеңіл түрлері ойнатылады. Балалар ойыншықтарды қолымен ұстап, көзімен көріп, сипап сезу арқылы ойнайды. Немесе ойыншық заттарды сипаттауға болады. Мысалы: Бала ойнап отырған машинаның дөңгелегі нешеу, түсі қандай? Доп – домалақ. Ол күнге ұқсайды. Доппен біз қызықты ойындар ойнаймыз т.б. Кубиктерді түсіне қарай топтастыр, қане сен көк кубиктерді әкелші, үстелге апарып қойшы. Бұл жерде балалар кеңістікті бағдарлауды үйренеді. Дидактикалық ойындар ересек топтарда қарағанда күрделеніп жүргізіледі. Ойын шарттары мен көрнекіліктерін пайдалану арқылы ойын әрекетін дамытуға болады.

Дидактикалық ойындар баланың ақыл-ойын ойлау қабілетін, қабылдауын, есте сақтау қабілетін, зейінін дамытуға, өзін-өзі бақылауға үйретеді. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты бір нәрсе жайында сұралып баланың оған жауап беруге белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар балалардың ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Ойынның түпкі ниеті - бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы», «Балалар бақшасы» және т.с.с. болып ойнайды. Ойын процесінде балалардың өздері ойнаушылардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасын анықтайды және реттейтін ереже белгілейді. Сюжетті-рольді ойындардың ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Қимыл ойындары алдымен балаға дене тәрбиесін беру құралы. Олар балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алуды жаттықтыруға, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке жүйесін дамуына, жеке басының аса маңызды салаларының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Қимыл ойында ережелер ұйымдастырушы рөл атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым-қатынасын, баланың мінез-құлқын анықтайды. Қимыл ойындары үйдің ішінде және серуен кезінде бірнеше баламен немесе бүкіл топпен өткізіледі.

Киім түрлерімен ойнатылатын дидактикалық ойындар: Киімдерді балалармен таныстырумен қатар киіну дағдыларын қалыптастыруға үйретеміз. Заттық ыдыстарды қолдану арқылы жүргізіледі: Ыдыстарды қолдана отырып жеке және жалпы атауын айта білуге балаларды үйретеміз. Сонымен қатар «Қуыршаққа тамақ дайындаймыз» ойынын ойната отырып ыдыстарды қолданудың әдістерін үйретеміз. Мысалы: қасықты оң қолға ұстаймыз, тарелкені екі қолмен ұстаймыз. т. б.

Заттық үй жануарларын қолдану арқылы: Заттық үй жануарларды қолдана отырап балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамытамыз.

Мысалы: «Үй және жабай аңдарды ажырат» дидактикалық ойынын ойнау арқылы заттық үй жануарларын қолдануға болады. Мұнда балалар жануарларды ажыратып, өз орындарына қолымен ұстап орналастырады. Үстел – үсті дидактикалық ойындары таңертеңгілік балаларды қабылдау кезіне ойнатылады. Балалардың есте сақтау қабілеті таңертеңгілік уақытта жақсы қабылдайды. Сондықтан заттардың атын жаттау, немесе жалғасын табу, құрастыру, орнын табуға байланысты ойын түрлері ойнатылады. Мысалы:

«Қуыршақ Айнұрға киінуге көмектес», «Заттың екінші бөлігін тап», «Суреттің жетпей тұрған бөлігін толықтыр» (қысқыштармен) т. б.

Бала саусағын ойната отырып, сөйлеу тілін дамытамыз. Саусақ ойыны - бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Саусақ ойыны - саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең - тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан - жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Үлкен де, кіші де ойнап көңіл көтереді, бір нәрсеге беріле қызығады, әр жетістіктен қанағат табады. Эмоционалды ойын табиғаты бойынша тіпті ең құрғақ ақпаратты жандандырып, жарқын және эмоцияларға толы ете алады. Ойында әркімді белсенді жұмысқа тартуға болады, бұл пассивті тыңдауға немесе оқуға қарсы тұратын форма.

Демек, ойын-тәрбие және оқыту құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді, тәрбиелейді. Ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, санауды, салыстыруды адамгершілік сапаны жетілдіреді. Ұжымдық сезім әрекеттері өсіре түседі.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орны бар үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше.

Серікова Салтанат Серікқызы,
Астана қаласы әкімдігінің
№85 «Мейіржан» балабақшасы
қазақ тілі маманы

Мектепке дейінгі тәрбиеде ұлттық құндылықтарды заманауи әдістермен дамыту

Қазіргі жаһандану дәуірі ұлт тәрбиесіне жаңа көзқарас пен жаңаша тәсілдерді қажет етеді. Мемлекет басшысы ұлттық болмысты сақтай отырып, жас ұрпаққа заманауи білім мен тәрбие беру керектігін үнемі атап өтеді. ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2021 жылғы жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасында да балалардың тілін, ойлау қабілетін, шығармашылығын және ұлттық мәдениетке құрметін дамыту басты міндеттердің бірі ретінде белгіленген. Сондықтан балабақшада ұлттық құндылықтарды сақтау ғана емес, оны баланың жан дүниесіне жақын, қызықты әрі жаңашыл әдістер арқылы енгізу – бүгінгі педагогтің негізгі міндеті.

Ұлттық құндылықтар – ата-баба мұрасы, салт-дәстүр, тіл, өнер, ұлттық ойындар, әдеп-ғұрып, табиғатқа құрмет, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық. Бұл құндылықтар баланың тұлғалық дамуының іргетасы болып табылады. Балабақша – сол құндылықтарға алғашқы қадам жасайтын қасиетті орта.

Ұлттық тәрбиені тек дәстүрлі жолмен емес, қазіргі заман әдістерімен сабақтастыру – оқыту үдерісінің тиімділігін арттырады:

Ойын технологиясы арқылы

– «Тоғызқұмалақ», «Асық ату», «Арқан тартыс», «Алтын сақа», ұлттық логикалық ойындар баланың ойлауын, тілін, ептілігін дамытады.

– Қазақтың мақал-мәтелдерін қолдану арқылы ойын сюжеттері құрылады.
STEAM технологиясы (Science, Technology, Engineering, Art, Math)

– «Қазақ үйдің құрылысы», «Дәстүрлі ою-өрнек симметриясы», «Қымыз дайындау процесі» сияқты жобалар ғылым, математика және өнермен байланыстырылады.

– Балалар киіз үйдің бөлшектерін құрастырып, оның мәдени маңызын түсінеді.
Мнемотехника тәсілі

– «Төрт түлік», «Жеті қазына», «Жеті ата» секілді ұлттық ұғымдарды мнемокесте арқылы оңай жаттайды.

– Қазақ ертегілері бойынша мнеможолдар құру балалардың есте сақтау қабілетін арттырады.

Жобалау әдісі (Project-based learning)

– «Менің отбасым», «Ұлттық тағамдар», «Бесік жыры», «Шаңырақ» тақырыптарына жеке немесе топтық жобалар жасалады.

Нәтижесінде балалардың қазақ тіліне қызығушылығы артады, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық секілді мінездік қасиеттері қалыптасады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды заманауи әдістер арқылы енгізу – уақыт талабы. Бұл тәсіл баланың тілін дамытып қана қоймайды, сонымен қатар рухани дүниесін, ойлау қабілетін, мәдени санасын байытады. Ұлттық тәрбиені жаңаша жеткізу – ұрпаққа аманат, болашаққа жауапкершілік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты», 2021 ж.
2. «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы.
3. Әбдіразақова Г. «Ұлттық тәрбие негіздері».
4. Балабақша әдістемелік нұсқаулығы, 2023 ж.
5. Интернет-ресурстар: bilimland.kz, imekterp.kz

Ералы Лаура Ғаниқызы,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
№7 жалпы білім беретін лицей орта мектебі
бастауыш сынып мұғалімі

Жасанды интеллект арқылы бастауыш сынып оқушыларының креативті ойлауын дамытудың маңызы

Аннотация: В данной статье рассматривается значение использования элементов искусственного интеллекта на развитие креативного мышления учащихся начальных классов. Анализируется влияние искусственного интеллекта на образовательный процесс, его роль в развитии творческих способностей и познавательных интересов учащихся. Также описываются методы и практические результаты использования ИИ для формирования логического и творческого мышления младших школьников.

Ключевые слова: искусственный интеллект, начальные классы, креативное мышление, образовательные технологии, творческие способности, познавательная активность.

Аңдатпа: Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық ойлауын дамыту үшін жасанды интеллект элементтерін қолданудың маңызы қарастырылады. Жасанды интеллекттің білім беру процесіне әсері, оның оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен танымдық қызығушылықтарын дамытудағы рөлі талданады. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының логикалық және шығармашылық ойлауын қалыптастыру үшін жасанды интеллектті қолданудың әдістері мен практикалық нәтижелері сипатталған.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, бастауыш сыныптар, шығармашылық ойлау, білім беру технологиялары, шығармашылық қабілеттер, танымдық белсенділік.

Abstract: This article examines the significance of utilizing artificial intelligence (AI) elements to foster creative thinking in primary school pupils. It analyzes the impact of AI technologies on the educational process, their role in enhancing creative abilities, and their potential to increase pupils' cognitive engagement. Additionally, the article highlights methods and practical outcomes of using AI to develop logical and creative thinking among young learners.

Keywords: artificial intelligence, primary school, creative thinking, educational technologies, creative abilities, cognitive engagement.

Соңғы жылдары жасанды интеллект (ЖИ) элементтері білім беру үдерісін жетілдірудің қуатты құралы ретінде танылып отыр. Жасанды интеллекттің қолданылуы, әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының креативті ойлауын дамытуға ерекше ықпал етеді. ЖИ оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіріп, оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттырып, жаңа идеяларды қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта ЖИ түрлі салаларда қолданылып, білім беру жүйесіне еніп келеді. Ол оқу процесін жетілдіруді, оқушылардың жеке қажеттіліктеріне назар аударуды және олардың оқу үдерісіндегі жетістіктерін автоматты түрде бақылауды жеңілдетеді. Ғылыми деректерге сүйенсек, ЖИ көмегімен оқытылған оқушылардың үлгерімі дәстүрлі әдіспен оқығандарға карағанда шамамен 20%-ға жоғарылайды. Әсіресе, ғалымдар бастауыш сынып оқушыларының танымдық деңгейін анықтауда олардың көру және есту арқылы алған ақпараттарды жақсы қабылдайтынын байқады. Бұл – ЖИ қолдануға тамаша негіз.

Journal of Educational Technology баспасының 2020 жылғы мәліметтері мен басқа да ғылыми зерттеулер негізінде дайындалған төмендегі кестеде дәстүрлі оқыту жағдайы мен жасанды интеллект қолданылып өткізілген оқу үдерісі бойынша оқушылардың білім көрсеткіші салыстырмалы түрде берілген. Көріп отырғанымыздай, ЖИ қолданылған оқыту жағдайындағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы, оқуға қызығушылықтары мен мәселе шешу жылдамдығы айтарлықтай жоғары.

Кесте-1. Жасанды интеллекттің оқушылар үлгеріміне әсері

Оқыту әдісі	Орташа үлгерім (пайыз)	Шығармашылық қабілеттің дамуы	Оқуға қызығушылық деңгейі	Мәселе шешу жылдамдығы
Дәстүрлі оқыту	75%	Орташа	Тұрақсыз, пәнге байланысты	Орташа
ЖИ қолданылған оқыту	90%	Жоғары	Жоғары, интерактивті тапсырмалар арқасында	Жылдам, деректерді талдау негізінде

ЖИ элементтері осы қабілетті қалыптастыруға өте қолайлы құрал болып табылады. Жасанды интеллектті қолдана отырып, балаларға белгілі бір нәтижеге емес, шығармашылық шешімдерді іздеуге бағытталған тапсырмалар беруге болады. Мұндай әдістер балалардың зейінін арттырып, олардың мәселелерге креативті тұрғыдан қарауына ықпал етеді. Зерттеулерге сәйкес, шығармашылыққа бағытталған тапсырмаларды орындаған оқушылардың миының сол жақ жартышары белсенді жұмыс істеп, күрделі мәселелерді жылдам шешуге деген қабілеті арта түседі.

Когнитивті қабілеттердің жетілуі креативті ойлауға айтарлықтай әсер етеді, өйткені креативтілік пен когнитивті процестер тығыз байланысты. Ғылыми зерттеулер когнитивті қабілеттердің, мысалы, зейін, есте сақтау, ақпаратты өңдеу жылдамдығы және проблемаларды шешу қабілетінің жоғарылауы креативтіліктің артуына ықпал ететінін дәлелдейді.

Эдвард де Боно – креативті ойлау туралы зерттеулер жасаған психолог және "латералды ойлау" концепциясының авторы. Оның айтуынша, «Креативтілік дегеніміз – қалыптасқан ойлау схемаларынан шығып, жаңа идеяларды қалыптастыру қабілеті» [1, 45]. Бұл ұғым адамның белгілі бір жағдайларды дәстүрлі емес, жаңаша көзқараспен қабылдап, жаңа шешімдер мен идеяларды іздеуіне негізделеді. Алекс Осборн – креативті ойлауды ынталандыру әдістерін зерттеген және "мидың шабуылы" (brainstorming) тәсілін ойлап тапқан ғалым. Ол: «Креативтілік – бұл жаңа комбинацияларды жасау мүмкіндігі», - деп, атап көрсетті [2, 91]. Сөйтіп, А. Осборн жаңа ойларды бұрынғы білім мен тәжірибені біріктіру арқылы қалыптастырудың маңыздылығын атап өтеді. Ал француз ғалымы Анри: «Шығармашылық дегеніміз - барлық жерде, бар нәрседен жаңа комбинация табу өнері», - дейді. [3, 64].

Танымал ғалымдардың осы айтылған пікірлері негізінде креативті ойлау оқушылардың стандартты емес әдістер арқылы шешім таба білу қабілеті деп қорытынды жасауға болады. Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, жасанды интеллект оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады деуге толық негіз бар. Олай болса, оқушылардың креативті ойлауын қалыптастыруда жасанды интеллекті қолдану - заман талабы.

Оқушылардың креативті ойлауын әртүрлі жасанды интеллект құралдарын қолдану арқылы дамытуға болады.

Жұмыс жады – ақпаратты уақытша сақтау және өңдеу қабілеті – шығармашылық идеяларды құрудың негізі. Engle және Kane зерттеулері жұмыс жадының жоғары көлемі оқушылардың жаңа идеялар жасаудағы тиімділігін арттыратын көрсетеді [4].

Martindale және Hasenfus креативті ойлаудың кең зейін диапазонымен байланысты екенін анықтады. Олар ЖИ элементтері арқылы оқушылардың зейінін шоғырландырып, когнитивті икемділікті дамытуға болатынын дәлелдеген.

Жасанды интеллектке негізделген мнемоникалық әдістерді қолдану оқушыларға ақпаратты ұзақ мерзімге есте сақтауға көмектеседі. Бұл әдіс шығармашылық тапсырмаларды орындауда білімді тиімді пайдалануға ықпал етеді.

Ақпаратты жылдам өңдеу оқушыларға жаңа идеяларды тезірек жасауға және бағалауға мүмкіндік береді. Ваас және оның әріптестері ақпаратты өңдеу жылдамдығы жоғары оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды орындауда да табыстырақ екенін дәлелдеген [5].

Кесте-2. Жасанды интеллект арқылы креативті ойлау әдістері

ЖИ құралдары	Креативті ойлау әдістері
Генеративті ЖИ (ChatGPT, Bard)	Шығармашылық эссе жазу, идеяларды дамыту
Көрнекі ЖИ (DALL-E, MidJourney)	Креативті сурет салу, қиялды дамыту
ЖИ-мен кодтау (Scratch, AI-based coding)	Ойын ойлап табу, алгоритмдік ойлау
Голосовой помощник (Siri, Google Assistant)	Сценарий жазу, диалог құрастыру
Оқыту платформалары (Khan Academy AI, Duolingo AI)	Жаңа білімді шығармашылық тұрғыдан меңгеру

Когнитивті қабілеттер креативті ойлаудың негізі болып табылады. Жұмыс жады, зейін, ақпаратты өңдеу жылдамдығы және когнитивті икемділік сияқты қабілеттерді дамыту арқылы оқушылардың шығармашылық деңгейін арттыруға болады. Жасанды интеллект элементтері осы қабілеттерді жетілдіруде тиімді екенін ескерсек, олардың қолданылуы креативті ойлаудың дамуына айтарлықтай үлес қосады.

Креативті ойлау – қазіргі қоғамда сұранысқа ие маңызды қабілеттердің бірі. ЖИ элементтері балалардың креативті ойлауына ықпал етіп қана қоймай, олардың сыни ойлау қабілеттерін де дамытады. Оқушылар тапсырмаларды дәстүрлі емес тәсілдермен шешуге талпынып, шешім қабылдаудың жаңа жолдарын іздейді. Мысалы, жасанды интеллект платформалары оқушыларға өз шешімдерінің нәтижелерін визуалды түрде көрсетуге мүмкіндік береді, бұл балаларды жасаған шешімдерінің салдарын көруге және оларға сыни тұрғыдан баға беруге үйретеді. Бұл әдіс олардың танымдық қызығушылығын арттырып, білімдерін жетілдіруге ынталандырады.

Америкалық зерттеу орталықтары жүргізген жұмыстарда ЖИ қолданған бастауыш сынып оқушыларының білім сапасы орта есеппен 15%-ға жақсарған. Оқушылар ЖИ арқылы математика есептерін шешу барысында стандартты әдістерден бөлек, жаңа, өзіндік жаңалықтар, жолдар іздеуге талпыныс жасайтыны анықталды [6].

Қазақстанда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын бастауыш білімге енгізу – болашақ ұрпақтың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту үшін үлкен мүмкіндік. Соңғы жылдары елімізде Цифрлық Қазақстан бағдарламасы аясында білім беру саласына цифрлық технологияларды енгізу белсенді түрде жүзеге асуда. Бұл үрдіс бастауыш сынып оқушыларына ЖИ-дің көмегімен интерактивті және жекелендірілген оқыту әдістерін қолдануға жол ашады.

Жасанды интеллектті бастауыш білімге енгізудің негізгі перспективалары:

➤ Адаптивті оқыту жүйелері – оқушылардың қабілеттеріне қарай жеке білім беру траекториясын құру (мысалы, SmartNation, Daryn Online платформалары);

- ЖИ негізіндегі интерактивті тапсырмалар – оқушылардың креативті ойлауын дамытуға бағытталған ойындар мен викториналар;
- Автоматтандырылған бағалау жүйелері – мұғалімдердің жүктемесін азайтып, оқушылардың прогресін нақты өлшеу;
- STEM және робототехника сабақтарын кеңейту – бастауыш сыныптарда ЖИ элементтері бар бағдарламалау курстарын енгізу, Алайда, бұл процестің алдында бірнеше қиындықтар да бар:
- *Мұғалімдердің ЖИ технологияларын қолдану бойынша жеткілікті дайындығының болмауы;*
- *ЖИ құралдарының мектептерге бейімделуі мен интеграциялануы;*
- *Деректердің құпиялылығы мен киберқауіпсіздік мәселелері.*

Егер ЖИ-ге негізделген оқыту құралдары барлық мектептерде қолжетімді болмаса, білімдегі алшақтық артуы мүмкін. Әсіресе, ауылдық мектептер мен қалалық мектептер арасындағы технологиялық теңсіздік мәселесі өзекті. ЖИ мұғалімдерді толықтай алмастыра алмайды, бірақ оқыту процесін автоматтандыру арқылы олардың рөлін өзгерте алады. Мұғалімдер ЖИ-ді көмекші құрал ретінде пайдаланғаны дұрыс, бірақ білім берудегі адами фактордың маңыздылығы сақталуы тиіс. Сондықтан, Қазақстандағы бастауыш білім беру жүйесінде ЖИ-ді тиімді пайдалану үшін мұғалімдерді оқыту, ЖИ негізінде оқыту әдістемелерін дамыту және оны мектеп бағдарламасына біртіндеп енгізу қажет.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект элементтерін бастауыш сынып оқушыларының креативті ойлауын дамыту үшін қолдану білім беру саласында жаңа мүмкіндіктердің есігін ашады. Жасанды интеллект балалардың шығармашылық әлеуетін ашып, танымдық қызығушылығын арттырады. Заманауи білім беру үдерісінде ЖИ-дің тиімділігі арта түсуде, сондықтан оның мүмкіндіктерін толығымен пайдалану – болашақ ұрпақтың жан-жақты дамуы үшін маңызды қадам.

Американдық ғалым Альберт Эйнштейн: «Қиял – білімнен де маңызды, өйткені білім шектеулі, ал қиял бүкіл әлемді қамтиды», - дейді [7, 15]. Білім беру үдерісінде ЖИ-дің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы оқушыларға шексіз қиял әлемін ашуға және жаңа идеялар қалыптастыруға жол ашылары сөзсіз. Сонымен қатар ЖИ технологияларының білім беру жүйесіне енгізілуі арқылы оқушылардың болашақта ғылыми зерттеулер мен инновациялар жасауға дайындығын арттыруға мүмкіндік тумақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Karmakar P., Chattopadhyay K.N. Six thinking hats: a educational technique to enhance cognitive abilities in education, 2024
2. Kind A. Imagination and Creative Thinking, 2022.
https://www.researchgate.net/publication/361859537_Imagination_and_Creative_Thinking
3. Valueva E.A., Ushakov D.V. Creative Abilities and Incubation: The Poincaré Effect, 2024.
https://www.researchgate.net/publication/387478691_Creative_Abilities_and_Incubation_The_Poincare_Effect
4. Engle R.W., Kane M.J. Working Memory Capacity and its Relation to General Intelligence. Current Directions in Psychological Science, 2004.
5. Baas M., A Meta-Analysis of Cognition and Creativity. Journal of Personality and Social Psychology, 2008.
6. Burhanuddin I.A., Mahmood N.J. The effect of scamper strategy on evoking iraqi efl preparatory pupils' creative thinking skills, 2021.
7. [https://www.researchgate.net/publication/367408762_The_Effect_of_SCAMPER_Strategy_o_n_Evoking_Iraqi_EFL_Preparatory_Pupils%27_Creative_Thinking_Skills](https://www.researchgate.net/publication/367408762_The_Effect_of_SCAMPER_Strategy_on_Evoking_Iraqi_EFL_Preparatory_Pupils%27_Creative_Thinking_Skills)
8. Abraham P. The Science and the Life of Albert Einstein, 2023.
<https://academic.oup.com/book/54698>

Карабалина Айман Аманжоловна,
БҚО, Орал қаласы
№20 ЖОББМ
тарих пәні мұғалімі

Роль учителя истории в формировании гражданской идентичности учащихся

Учитель истории занимает особое место в системе современного образования. В условиях стремительного развития технологий, информационных потоков и глобальных изменений именно преподаватель истории помогает учащимся осмыслить происходящее через призму прошлого. Его деятельность направлена не только на передачу знаний, но и на воспитание гражданской ответственности и патриотического сознания.

Одной из ключевых задач учителя истории является формирование у школьников умения работать с источниками, критически мыслить и анализировать информацию. В эпоху цифровизации, когда доступ к любым данным открыт, учащимся особенно важно уметь отличать факты от интерпретаций и объективную информацию от субъективной. Историк-педагог становится проводником, который учит видеть причинно-следственные связи и понимать контекст событий.

Кроме того, уроки истории позволяют формировать у школьников чувство культурной принадлежности и уважения к наследию своего народа. Работая с материалом разных эпох, учитель обращает внимание на ценности, объединяющие общество, и тем самым способствует укреплению национальной идентичности. Важно, чтобы обучающиеся ощущали связь между прошлым и настоящим, понимали значимость исторического опыта для будущего развития страны.

Профессиональная деятельность учителя истории требует постоянного совершенствования. Современный педагог активно внедряет новые формы и методы обучения: проектную деятельность, интерактивные задания, цифровые ресурсы, виртуальные экскурсии. Компетентный учитель не только передает знания, но и создает условия для самостоятельного поиска и исследования. Такой подход стимулирует интерес к предмету и помогает учащимся раскрывать собственный потенциал.

Таким образом, роль учителя истории выходит далеко за рамки обычного преподавания. Он становится наставником, воспитателем и вдохновителем, формируя поколение, способное мыслить критически, уважать свое прошлое и принимать ответственные решения. Вклад учителя истории в развитие личности ученика и общества в целом нельзя переоценить.

Умбет Жанат Аманбайқызы,
Алматы қаласы
«№ 70 арнайы бөбекжай – балабақша» КММ
музыка жетекшісі

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, ал әрбір бала – ел ертеңі

Алматы қаласы Білім басқармасына қарасты №70 арнайы бөбекжай-балабақшасында «Әртүрлі мүмкіндіктер – тең құқық!» тақырыбында қалалық семинар-дебат өтті. Шараны балабақша меңгерушісі Алмаш Аманқұловна ашып, инклюзивті білім берудің маңыздылығына тоқталды.

Білімнің баршаға қолжетімділігін қамтамасыз ету жолындағы жүйелі қадамдардың бірі – мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді дамыту. Семинарға қалалық бөбекжай-балабақшалардың әдіскерлері, педагогтері, дефектолог және логопед мамандар, тәрбиешілер және Алматы қалалық мектепке дейінгі ресурстық орталықтың басшысы Наталья Викторовна Карасева қатысты. Қатысушылар инклюзивті білім берудің өзекті мәселелерін жан-жақты талқылап, тәжірибе алмасты. Дебат форматында өткен семинарда балабақша жағдайында балалардың құқықтарын жүзеге асыру жолдары, ерекше мүмкіндіктері бар балалар үшін ҰОІӨ бейімдеудің маңызы, ата-аналардың инклюзиядан қорқу себептері, балаларға қажетті қолдау мен шамадан тыс қамқорлық арасындағы тепе-теңдікті анықтау, инклюзивті топтағы барлық балаға бірдей көңіл бөлу мүмкіндігі және инклюзивті орта толық дайын болмаған жағдайда баланың дамуына қолдау көрсету жолдары талқыланды. Екі топ өз көзқарастарын ортаға салып, қатысушы қонақтар пікір білдірді.

ПМПК маманы Арман Ниетбаевич Орынбаев инклюзивті білім берудің мәнін ашып, бұл үрдістің әр баланың дамуына қажетті жағдай жасауға бағытталғанын атап өтті. Оның айтуынша, №70 арнайы бөбекжай-балабақша ұжымы осы талаптарға сай табысты жұмыс жүргізіп келеді.

Бүлдіршіндердің аспаппен ән айтып, көпшілік алдында өнер көрсетуі – ұжымның еңбегінің нәтижесі. Сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар кішкентай балалардың өнері қонақтарды таңқалдырды. Олар бүлдіршіндерде қолдап қошемет көрсетті. Семинардың жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан балабақша ұжымы ерекше алғысқа лайық. Қонақтар өз тараптарынан алғыстарын айтып ризашылықтарын білдірді. Шара соңында қатысушылар ойын түріндегі кері байланыс ұйымдастырып, пікір алмасып, семинардан мол әсер алғандарын айтып жатты. Инклюзивті қоғам – тең мүмкіндіктен басталады, ал №70 бөбекжай-балабақша ұйымдастырған семинар осы бағыттағы жүйелі жұмыстың жарқын үлгісі бола алды деп толықтай айта аламын.



Дарошева Жанна Нурбековна,
Астана қаласы
№ 97 мектеп-гимназия
информатика мұғалімі,
педагог-модератор

Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект: информатика мұғалімінің кәсіби дамуының жаңа парадигмасы

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық трансформацияның күшеюі мұғалім кәсібін мазмұны мен мәнін түбегейлі өзгертіп отыр. Әсіресе информатика пәнінің мұғалімдері үшін жаңа технологияларды меңгеру, цифрлық сауаттылықты жетілдіру және жасанды интеллект негіздерін оқыту тәжірибесіне енгізу – заманауи педагогтың кәсіби дамуының өзекті әрі қажетті бағытына айналды. Бүгінгі күннің талабы – тек білім беруші емес, сонымен бірге цифрлық кеңістікте бағдар ұстай алатын, оқыту үдерісін технологиялық тұрғыдан тиімді ұйымдастыра білетін әмбебап маман болу. Бұл тұрғыда халықаралық зерттеулер мен отандық тәжірибе мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін дамыту білім сапасына тікелей әсер ететінін дәлелдеп отыр. Мәселен, UNESCO-ның 2023 жылғы баяндамасында педагогтердің 65 пайызы цифрлық құралдарды тиімді қолдану деңгейін арттыру қажеттігін атап көрсетсе, Қазақстанда «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы ұйымдастырған курстарға қатысқан мұғалімдердің 70 пайызы интерактивті платформаларды сабақта белсенді қолдануда. Мұндай платформалар – Google Classroom, Zoom, Microsoft Teams – қашықтан және аралас оқытуды сапалы ұйымдастыруға, оқу материалдарын жүйелеуге, оқушылармен үздіксіз байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жасанды интеллекттің білім беру саласындағы рөлі күн санап артып келеді. ЖИ технологиялары оқытуды жекелеуге, оқушының жеке қабілеті мен оқу қарқынына қарай оқу траекториясын құруға жол ашады. Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, AI негізінде жасалған оқыту жүйелері қолданылған сыныптарда оқушылардың орташа оқу жетістіктері 15–20 пайызға артқан. Бұл технологиялар оқушылардың білімін автоматты түрде талдап, жеке тапсырмалар ұсынуға, мұғалімнің уақытын үнемдеп, сараланған оқытуды тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл әсіресе үлгерімі төмен немесе керісінше жоғары деңгейде оқитын балаларға дер кезінде қолдау көрсетуге жағдай жасайды.

Ғылыми тұрғыдан қарағанда, цифрлық сауаттылық – ақпаратты талдай білу, өңдеу, цифрлық ортада қауіпсіз жұмыс істеу, техникалық құралдарды тиімді қолдану сияқты кешенді қабілеттер жиынтығы. Информатика мұғалімдері бұл құзыреттерді терең меңгерген жағдайда оқу үдерісінің сапасы артып, оқушылардың зерттеушілік және алгоритмдік ойлау дағдылары қалыптасады. Оқытудың аналитикалық деректеріне сүйену, автоматтандырылған бағалау жүйелерін қолдану, цифрлық білім ресурстарын тиімді пайдалану – қазіргі педагог үшін кәсіби шеберліктің маңызды көрсеткіші. Танымдық тұрғыдан алғанда, ЖИ технологияларын сабақта қолдану оқушыларды жаңа білімді өздігінен игеруге ынталандырып, олардың қызығушылығын арттырады. Ал жедел кері байланыс білімді бекітуге және оқу жетістіктерін нақты бақылауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай айтқанда, цифрлық сауаттылық пен жасанды интеллектті меңгеру – информатика мұғалімінің кәсіби дамуының басты бағыты. Білім беру жүйесінің жаңа

талаптарына бейімделу, жаңашыл технологияларды қолдану және оқыту үдерісін жетілдіру – заманауи педагогтың міндеті ғана емес, кәсіби бәсекеге қабілеттілігінің негізгі шарты. Сондықтан мұғалімдер жаңа технологияларды үнемі зерттеп, өз тәжірибесіне енгізіп, білім сапасын арттыруға бағытталған үздіксіз даму жолын таңдауы қажет.

Менің ойымша бүгінгі мұғалім технологиялық өзгерістерден шет қалмауы керек. Информатика пәнінің мұғалімі – мектептегі цифрлық жаңғырудың басты қозғаушы күшінің бірі. Жасанды интеллект құралдарын дұрыс қолдану мұғалім үшін де, оқушы үшін де жаңа мүмкіндіктер есігін ашады. Жаңашылдыққа ұмтылған педагог қана сапалы білімнің кепілі бола алады.

Anarbek Askar

English language teacher, teacher-expert
Secondary School N110,
Astana, Republic of Kazakhstan

Developing Reading Literacy in 8th Grade Students: International Context and Classroom Practices

ABSTRACT

This article analyzes the development of reading literacy in 8th grade students in comparison with findings from international studies such as PISA and PIRLS. It highlights key difficulties faced by students, including superficial reading, challenges in identifying main ideas, and weak argumentative skills. The paper proposes practical classroom strategies for teachers, such as prediction activities, the use of authentic texts, and structured discussions based on reading.

Keywords: reading literacy, PISA, PIRLS, functional literacy, reading strategies, prediction, critical thinking, 8th grade.

Introduction

The results of international assessments such as PISA demonstrate that reading competence is directly linked to students' overall academic success across disciplines [1, p. 17]. In Kazakhstan, the issue of developing reading literacy remains highly relevant, as many students continue to struggle with the comprehension of complex texts that require higher-order analysis and evaluation [2, p. 46].

Key Challenges

Classroom practice shows that 8th grade students often:

- engage in superficial reading focused only on isolated facts;
- struggle to identify the main idea of a paragraph or text;
- demonstrate weak skills in argumentation when discussing reading materials [3, p. 55].

Pedagogical Strategies

To address these challenges, teachers are encouraged to:

1. Use pre-reading strategies such as predicting content from titles and keywords.
2. Integrate authentic materials (news articles, essays, informational texts).
3. Apply questioning techniques (“thick and thin questions”) to stimulate deeper discussions.
4. Train students in scanning texts to find evidence and arguments.

Table 1. Student Difficulties and Pedagogical Strategies

Difficulty	Strategy
Superficial reading	Use prediction questions before reading
Difficulty identifying main idea	Practice finding the topic sentence in each paragraph
Weak argumentative skills	Organize discussions based on the text

Figure 1. Stages of Developing Reading Literacy (Pre-reading → Reading with idea extraction → Discussion → Argumentative writing)

Conclusion

The development of reading literacy requires consistent integration across all subjects, not only language classes. Incorporating international approaches (PISA, PIRLS) and applying active reading strategies significantly improve students' functional literacy. These practices prepare learners for participation in the global educational environment.

References

1. OECD. PISA 2018 Results. Paris: OECD Publishing, 2019. 380 p.
2. Mullis I.V.S., Martin M.O. PIRLS 2021 Assessment Framework. Chestnut Hill, MA: TIMSS & PIRLS International Study Center, 2021. 210 p.
3. Inci S. Developing critical thinking through reading strategies. *Language Learning and Teaching*, 2016, no. 18(4), pp. 221–236.

Ауезбаев Мереке Койшиевич,
Астана қаласы
№55 орта мектеп
дене шынықтыру пәні мұғалімі

Бес асық ойыны: қыз балалардың зерделік және моторикалық қабілеттерін дамыту

Тарихи және мәдени маңызы

Бес асық ойыны қазақ халқының ұлттық мұрасының бір бөлігі ретінде, балалардың жан-жақты қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл ойынның шығу тегі ежелгі дәуірлерге барып тіреледі. Қазақ халқының тұрмыс салтында орын алған бұл ойын, тек қана ойын-сауық емес, сонымен бірге тәрбиелік маңызы бар құрал ретінде қолданылған. Тарихи деректерге сүйенсек, бұл ойын арқылы балалардың назарын шоғырландыру, шапшаңдық пен дәлдікті дамытуға бағытталған. Осылайша, бес асық ойыны ұлттық мәдениетіміздің ажырамас бөлігі болып табылады.

Моторикалық дағдыларды дамыту

Бес асық ойынының негізгі ерекшелігі — оның моторикалық дағдыларды жетілдіруге ықпалы. Ойын барысында қолдың ұсақ моторикасы, көздің координациясы және жалпы дене қимылдары дамиды. Бұл әсіресе қазіргі қоғамда өзекті, себебі көптеген балалар физикалық белсенділіктің жеткіліксіздігінен зардап шегеді. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, моторикалық дағдыларды дамыту балалардың жалпы денсаулығын жақсартып қана қоймай, олардың оқудағы жетістіктерін де арттырады.

Қарым-қатынас және бірлескен жұмыс

Бес асық ойынының тағы бір маңызды аспектісі — қатысушылар арасында қарым-қатынас және бірлескен жұмыс қабілеттерін дамыту. Ойын барысында балалар өзара әрекеттесіп, стратегия құруға, командалық жұмыс жасауға үйренеді. Бұл дағдылар қазіргі қоғамда, әсіресе, кәсіби ортада жоғары бағаланады. Ойынның әлеуметтік аспектісі балалардың өзара қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңуге және өзара түсіністікті дамытудың тиімді құралы болып табылады.

Зерделік қабілеттерді дамыту

Ойынның тағы бір маңызды қыры — қыз балалардың ойлау және шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіру. Ойын барысында балалар стратегия құруға, тактикалық ойлауға және жылдам шешім қабылдауға үйренеді. Бұл қабілеттер оларды болашақта қиын жағдайларда тез және дұрыс шешім қабылдауға дайындайды. Сонымен қатар, зерттеулер көрсеткендей, ойын барысында қалыптасқан зерделік қабілеттер балалардың академиялық жетістіктеріне оң әсер етеді.

Маңыздылығы

Бес асық ойыны қазіргі қоғамда балаларды компьютер мен гаджеттерден алыстатып, шынайы өмірдегі қарым-қатынас пен белсенділікке тартуға көмектеседі. Бұл ойын арқылы балалар өзара әрекеттесу, стратегия құру, шапшаңдық пен дәлдікті дамыту секілді қабілеттерін шыңдайды. Сонымен қатар, ойынның практикалық маңыздылығы дене шынықтыру сабақтарында қолдануға болатындығында, өйткені ол денсаулықты нығайтуға және физикалық белсенділікке қызығушылықты арттыруға ықпал етеді.

Бес асық ойыны тек ұлттық мұра ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы білім беру және дене шынықтыру жүйесінде қолдануға лайықты құрал ретінде маңызды. Оның

дамытушы әлеуеті балалардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дағдыларын жетілдіруде ерекше рөл атқарады. Ойын балалардың моторикалық дағдыларын жетілдіруге үлкен ықпал етеді. Қолдың ұсақ моторикасы, көздің координациясы және жалпы дене қимылдары арқылы балалардың физикалық дамуы жақсарады. Сонымен қатар, бес асық ойыны балалардың қарым-қатынас және бірлескен жұмыс қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Ойын барысында олар стратегия құрып, командалық жұмыс дағдыларын қалыптастырады.

Зерделік қабілеттерді дамыту да бұл ойынның маңызды аспектілерінің бірі. Балалар стратегия құруға, тактикалық ойлауға және жылдам шешім қабылдауға үйренеді, бұл олардың академиялық жетістіктеріне оң әсер етеді.

Қазіргі қоғамда балаларды компьютер мен гаджеттерден алыстатып, белсенді өмірге тарту қажеттілігі артып отыр. Бес асық ойыны осы мақсаттарға жетуге көмектеседі. Ол балалардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дағдыларын жетілдіруде ерекше рөл атқарады, сондықтан оны дене шынықтыру сабақтарында кеңінен қолдану керек.

55-орта мектепте осы дәстүрді жаңғыртуға бағытталған жүйелі жұмыстар бірнеше жыл бойы үздіксіз жүргізіліп келеді.

Мектеп оқушылары жыл сайын мектепішілік аудандық, қалалық жарыстар, ұлттық метеп лигасы сынды, ұлттық ойындарды насихаттауға арналған жарыстарға шаралар тұрақты түрде оқушылар қатысып тұрады. Осындай игі бастамалардың нәтижесінде оқушылар арасында бес асық ойынына қызығушылық артып, ұлттық спортқа деген көзқарас нығая түсті.

Соның айқын дәлелі – мектеп мақтанышы, дарынды оқушы Шеримхан Айдана. Ол бес асық ойынымен 5-сыныптан бастап шұғылданып келеді. Еңбекқорлығы мен табандылығының арқасында Айдана жыл сайын өтетін жарыстарда жоғары нәтижеге қол жеткізіп, бірнеше мәрте мектеп намысын абыроймен қорғады.

Биыл 9-сыныпта оқып жатқан Айдана ұлттық спортқа деген сүйіспеншілігін одан әрі дамытып, «спорт шеберіне үміткер» атанды. Бұл – тек Айдананың жеке жетістігі ғана емес, оны тәрбиелеген ұстаздарының, мектептің спорттық бағыттағы жүйелі жұмысының нәтижесі.

55-орта мектептің ұлттық ойындарды дамытудағы тәжірибесі – жас ұрпақты отаншылдыққа, рухани байлыққа, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеудің жарқын үлгісі. Ал Шеримхан Айдана секілді дарынды оқушылар осы дәстүрді жалғасып, жаңа деңгейге көтерілуіне себепкер болуда.

Ұлттық мұра ретінде бұл ойынның құндылығын сақтап, оны қазіргі білім беру жүйесінде қолдану арқылы болашақ ұрпақты денсаулыққа, белсенділікке, және өзара қарым-қатынасқа ынталандыру қажет. Қоғамдық және білім беру орындарында бес асық ойынын насихаттап, балаларды осы ойынға тарту маңызды қадам болып табылады. Бұл тек денсаулықты нығайтуға ғана емес, сонымен қатар балалардың жан-жақты дамуына да септігін тигізеді.

Жазнаева Анар Досымкановна,
учитель английского языка,
школа №16
Абдрахманова Айжан Жусупбековна,
учитель английского языка, школа №16
город Астана, Республика Казахстан

Использование ИИ для обучения английскому языку учеников 7 класса

Аннотация.

Интеграция искусственного интеллекта (ИИ) в обучении английского языка открывает преобразующие возможности для учащихся средней школы. В данной статье рассматривается, как такие инструменты ИИ, как чат-боты, ассистенты письма, грамматические проверяющие, адаптивные обучающие платформы и мультимедиа, созданные ИИ, могут повысить коммуникативную компетенцию, креативность и критическое мышление учащихся 7-го класса. Исследование основано на структурированной программе, разработанной для семиклассников и сочетающей интерактивные задания, совместные проекты и персонализированные траектории обучения с поддержкой ИИ. Результаты показывают улучшение в усвоении словарного запаса, произношении, связности письменной речи и навыках сотрудничества. Обучение с использованием ИИ связывает классную работу с реальным использованием языка, развивая автономию, мотивацию и цифровую грамотность XXI века.

Ключевые слова: искусственный интеллект, обучение английскому языку, 7-й класс, чат-боты, цифровая грамотность

В XXI веке обучение английскому языку сталкивается с задачей обеспечения учащихся навыками, необходимыми как для академического успеха, так и для реального общения. Традиционные подходы, ориентированные на учителя, и механическое запоминание часто не привлекают внимание «цифровых аборигенов». Искусственный интеллект (ИИ) предлагает инновационные решения этих проблем, обеспечивая интерактивные, адаптивные и персонализированные возможности обучения. Такие инструменты, как чат-боты, ИИ-ассистенты письма и платформы для цифрового сторителлинга, помогают учащимся самостоятельно практиковать английский язык, получать мгновенную обратную связь и развивать критическое мышление и креативность.

В данной статье представлена программа обучения английскому языку с использованием ИИ, специально разработанная для учеников 7-го класса. Цель программы — интегрировать ИИ в учебный процесс, улучшить коммуникативную компетентность, развить навыки сотрудничества и способствовать автономному обучению. В исследовании оценивается эффективность заданий с поддержкой ИИ, измеряется вовлечённость учащихся, а также выявляются преимущества и проблемы, связанные с использованием ИИ в среднем образовании.

Актуальность и значимость.

Использование ИИ в обучении английскому языку соответствует мировым тенденциям, подчеркивающим важность цифровой грамотности, персонализированного обучения и развития навыков XXI века. В Казахстане национальная учебная программа ориентируется на личностно-ориентированные подходы, компетентное оценивание и интеграцию цифровых технологий. Реализация программ обучения с поддержкой ИИ

отвечает этим приоритетам, развивая у учащихся функциональную грамотность, навыки решения проблем и творческое мышление.

ИИ особенно актуален для учеников средней школы, поскольку предоставляет возможности для индивидуализированной практики, мгновенной обратной связи и вовлечённости, выходящей за рамки традиционного класса. Студенты могут выполнять аутентичные языковые задания, такие как диалоги с чат-ботами или создание историй с поддержкой ИИ, что улучшает как навыки понимания, так и навыки продуктивного использования языка.

Кроме того, ИИ повышает эффективность работы учителя, автоматизируя рутинные задачи и позволяя педагогам сосредоточиться на видах деятельности, направленных на развитие навыков высокого уровня.

Теоретическая база. Программа опирается на несколько ключевых теоретических подходов:

1. Коммуникативное обучение языку (Communicative Language Teaching, CLT):

Подчёркивает важность реального общения, взаимодействия и функционального использования языка. Чат-боты с ИИ имитируют аутентичные диалоги, позволяя учащимся практиковать навыки говорения и аудирования в значимых контекстах.

2. Конструктивистская теория обучения:

Делает акцент на личностно-ориентированном обучении и активном конструировании знаний. ИИ поддерживает персонализированные траектории обучения, предоставляет «педагогическую поддержку» (scaffolding) и адаптивные задания.

3. Обучение языку на основе выполнения задач (Task-Based Language Teaching, TBLT):

Поощряет выполнение значимых заданий, отражающих реальные жизненные ситуации. ИИ способствует совместному письму, проектам по решению проблем и интерактивным заданиям.

4. Цифровая грамотность и навыки XXI века:

Программы с использованием ИИ развивают критическое мышление, креативность, цифровую грамотность, автономность в обучении и навыки решения проблем.

Описание программы.

Программа обучения английскому языку с использованием ИИ для учащихся 7-го класса включает 34 еженедельных занятия, сочетая задания с поддержкой ИИ и интерактивные занятия в классе. Программа ориентирована на развитие навыков аудирования, говорения, чтения и письма через проектный, деятельностный и коллаборативный подходы.

Цели программы:

- Развивать коммуникативную компетенцию учащихся на английском языке.
- Интегрировать инструменты ИИ для персонализированного и адаптивного обучения.
- Способствовать развитию креативности, критического мышления и навыков решения проблем.
- Поощрять совместное и автономное обучение.
- Улучшать словарный запас, произношение и навыки письма.

Занятия в рамках программы

1. Диалоги с чат-ботами: учащиеся создают короткие диалоги, практикуют произношение и получают обратную связь от ИИ.

2. Улучшение грамматики и письма: ИИ-ассистенты для письма предлагают варианты улучшения словарного запаса, грамматики и стиля.

3. Создание историй с поддержкой ИИ: ученики генерируют творческие рассказы с помощью подсказок ИИ и мультимедийных иллюстраций.

4. Проектное обучение: учащиеся совместно создают презентации, мини-книги и цифровые журналы с использованием ИИ.

5. Взаимная оценка и рефлексия: студенты анализируют материалы, созданные ИИ, и дают конструктивную обратную связь одноклассникам.

Методология. Участники

В программе участвовали учащиеся 7-го класса одной из средних школ Астаны, разделённые на небольшие группы для совместной работы. Для заданий с использованием ИИ предоставлялось индивидуальное сопровождение.

Технологии:

- Чат-боты на основе ИИ для практики диалогов
- ИИ-ассистенты письма для корректировки грамматики и стиля
- Инструменты цифровой иллюстрации (DALL·E, MidJourney) для творческих проектов
- Программное обеспечение для презентаций с ИИ (Canva AI, PowerPoint AI)

Процедура:

1. Первичное диагностическое оценивание для определения исходного уровня языковых навыков.
2. Еженедельные занятия с интеграцией ИИ, включающие аудирование, говорение, чтение и письмо.
3. Совместные проекты и взаимная оценка, направленные на развитие сотрудничества и критического мышления.
4. Итоговое оценивание, измеряющее прогресс в коммуникации, креативности, критическом мышлении и цифровой грамотности.

Результаты и обсуждение. Лексика и грамматика.

Упражнения с поддержкой ИИ значительно улучшили словарный запас студентов и точность грамматики. Контекстная практика с использованием чат-ботов позволила учащимся осмысленно применять новые слова, а инструменты ИИ для редактирования предоставляли мгновенные исправления и объяснения. Студенты отмечали повышение уверенности в использовании языка как в письменных, так и в устных заданиях.

Говорение и произношение.

Регулярная практика с речевыми интерфейсами ИИ улучшила произношение, беглость речи и интонацию. Студенты записывали диалоги и слушали сгенерированную ИИ обратную связь, что позволяло им самостоятельно исправлять ошибки и отслеживать прогресс.

Письмо и творческое мышление.

Студенты продемонстрировали повышение связности, ясности и творческого подхода в письменных заданиях. Подсказки ИИ поощряли эксперименты с повествовательными структурами, написанием диалогов и образным языком, способствуя развитию самостоятельного мышления и оригинальности.

Сотрудничество и критическое мышление.

Групповые проекты с использованием материалов, созданных ИИ, способствовали совместному решению проблем и развитию критического мышления. Взаимная проверка и обсуждение черновиков, сгенерированных ИИ, стимулировали рефлекссию, аналитические навыки и конструктивную обратную связь.

Мотивация и вовлечённость.

Интеграция ИИ повысила мотивацию и вовлечённость студентов. Интерактивный и адаптивный характер ИИ-инструментов помогал поддерживать интерес и активное участие учащихся, а также формировал позитивное отношение к изучению языка на протяжении всей программы.

Проблемы и рекомендации.

Проблемы:

- * Разный уровень цифровой грамотности среди студентов.
- * Риск чрезмерной зависимости от контента, созданного ИИ.
- * Необходимость сбалансировать задания с поддержкой ИИ и традиционное обучение, чтобы обеспечить развитие базовых навыков.

Рекомендации:

1. Предоставлять обучение цифровой грамотности в начале программы.
2. Интегрировать инструменты ИИ наряду с уроками под руководством учителя.
3. Использовать оценивание с поддержкой ИИ для формирующей обратной связи.
4. Регулярно отслеживать прогресс учащихся и корректировать виды деятельности.
5. Поощрять рефлексию об использовании ИИ и этичные цифровые практики.

Программа обучения английскому языку с использованием ИИ для учащихся 7-го класса демонстрирует, что инструменты ИИ могут эффективно усиливать процесс освоения языка, развивать креативность, критическое мышление и навыки сотрудничества. Студенты получают пользу от персонализированных траекторий обучения, интерактивных диалогов и проектных заданий, которые связывают учебный процесс с реальным использованием языка. ИИ выступает партнёром, фасилитатором и мотиватором, способствуя автономности и вовлечённости учащихся. Эта программа представляет масштабируемую и адаптируемую модель интеграции ИИ в преподавание английского языка в средней школе, соответствующую национальным образовательным стандартам и мировым тенденциям цифровой грамотности и навыков XXI века.

Список литературы

1. Брахметова, А. (2024). Повышение эффективности обучения английскому как иностранному с помощью инновационных технологий: перспективы и практики в Казахстане. *Eurasian Science Review*, 2(2), 86–93.
2. Ганиева, Х. (2021). Коммуникативный подход в обучении иностранному языку в контексте EFL. *Журнал «Maktabgacha Ta'lim»*.
3. Литовкина, А. Т., Жорабекова, Д. М., & Исабеков, А. А. (2020). Уровневое обучение английскому языку в школах Казахстана: восприятие и понимание реформы учителями. *Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика»*.
4. Шермаматова, З. А., Каримова, М. М., & Худойбердиева, Р. Х. (2020). Обучение детей дошкольного возраста английскому языку через игры. *Educational Research in Universal Sciences*.
5. Курбанбаева, М. (2024). Коммуникативный метод обучения при преподавании английского языка. *Modern Science and Research*, 3(2), 114–120.



Нүркеева Акерке Әбілқасымқызы,
Қарағанды қаласы
«Еркетай» балабақшасының
тәрбиешісі

Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық білім беру аспектісі

Қазіргі таңда әлем алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі - экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы. Адамзат қоғамының қарқынды дамуы, урбанизация, өнеркәсіптің өсуі, табиғи ресурстардың тиімсіз пайдаланылуы экологиялық дағдарыстарға алып келді. Мұндай жағдайда табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыру мен экологиялық сана-сезімге тәрбиелеу - адамзаттың болашағын қамтамасыз етудің негізгі тетігіне айналды.

Экологиялық тәрбиенің бастауы ерте жастан қалыптасады. Сондықтан балаларға экологияны қорғау және еңбек ету дағдыларын үйрету - педагогикалық жүйенің маңызды бағыты болып табылады. Балалар табиғатқа қамқорлық жасау мен еңбектің қадірін түсіну арқылы тұлғалық және рухани дамуға жетеді.

XXI ғасырда экологиялық білім беру қоршаған әлеммен танысу ұйымдастырлған іс-әрекет шеңберінде шектелмейді. Бұл - адам мен табиғат арасындағы үйлесімді қатынасты қалыптастыратын кешенді жүйе. Қазіргі педагогикада экологиялық тәрбие жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштасып, тұлғаның экологиялық мәдениетін дамытуды мақсат етеді.

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарында да білім беру саласы экологиялық жауапкершілікпен тікелей байланыстырылған. Әлем елдері балалар мен жастардың бойында табиғатқа жауапкершілікпен қарау, ресурстарды үнемдеу, қалдықтарды сұрыптау, экологиялық қауіпсіз өмір салтын қалыптастыру сияқты дағдыларды дамытуды міндеттеп отыр. Біздің балабақша «Әлемедік деңгейдегі экологиялық тәрбиенің заманауи мектепке дейінгі білім беру әдістемелерін зерттеу» бағыты бойынша жоба қолға алды. Биылғы оқу жылы эксперименттік алаң қатарына қосылды. Педагогикалық кеңесте аталмыш жоба бойынша перспективалық жоспар құрылып, іс-шаралардың негізгі тұжырымдамасы қарастырылды. Балабақша әдіскері «Жасыл балабақша» республикалық жобасының негізгі мақсаттарын жүзеге асыру үшін балабақшамызды әр тобына бекітген экологиялық тақырыптардың нәтижесі қаңтар айында алғашқы болып қалалаық семинарда тәжірибе алаңына айналатындығын атап өтті. Сондықтан, жобаның сапалы әрі нәтижелі жұмыс жасауы үшін тәрбиеленушілер, ата - аналар, балабақша ұжымы болып толық ат салысуды қолға алдық.

Қолға алған жоба балалардың экологиялық білім беру жүйесі төмендегідей бағыттарды қамтиды:

1. Танымдық бағыт - табиғат құбылыстары мен тіршілік заңдылықтары туралы ғылыми түсінік қалыптастыру.
2. Құндылықтық бағыт - табиғатқа сүйіспеншілік пен қамқорлық сезімін тәрбиелеу.
3. Іс-әрекеттік бағыт - экологиялық тұрғыдан дұрыс мінез-құлық пен нақты әрекеттерге баулу (қоқыс жинау, ағаш отырғызу, суды үнемдеу т.б.).
4. Эмоциялық бағыт - баланың табиғатпен рухани байланысын нығайту, эстетикалық талғамын жетілдіру.

Мұндай кешенді тәсіл арқылы бала тек табиғатты қорғауды ғана емес, сонымен қатар еңбектің қоғам мен өмірдегі маңызын түсінеді. Экологиялық және еңбек тәрбиесі өзара тығыз байланысты ұғымдар. Табиғатты қорғау ісі - ең алдымен еңбек нәтижесі. Ағаш отырғызу, гүл бағын күту, балабақша ауласын тазалау - баланың еңбек арқылы экологиялық жауапкершілігін арттырады.

Балабақшада экологиялық бағыттағы еңбек әрекеттерін ұйымдастырудың тиімді түрлері:

- Табиғат бұрышын жасау: өсімдіктер мен жануарларды күту, олардың тіршілігімен танысу;
- «Жас экологтар» клубы: экологиялық акциялар, тәжірибелер, ойындар өткізу;
- Қалдықтарды сұрыптау жобалары: пластик, қағаз, шыны қалдықтарын бөлек жинауға үйрету;
- Балабақша бақшасы немесе жылыжай жобасы: еңбек ету арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Осы іс-шаралар барысында балалар тек экологиялық білім ғана емес, еңбекқорлық, ұқыптылық, жауапкершілік, ұйымшылдық сияқты қасиеттерді де меңгереді.

Балабақшамыз инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды экологиялық тәрбие процесін жетілдіруде тиімді қолдануда. Балаларға интерактивті тақтада экология тақырыбында бейнероликтер, мультфильмдер, дидактикалық, интеллектуалды, интерактивті ойындар ойнатылады. Балалар ата аналарымен экологиялық жобалар әзірлеп, топта қорғайды. (мысалы: «Таза балабақша ауласы», «Су - тіршілік көзі», «Экоқалдықсыз күн»). Дала сабақтары мен саяхаттар. Табиғи ортада бақылау жүргізу, экологиялық проблемаларды көзбен көру - тәрбиелік әсерін күшейтеді. Жоспарға сәйкес ата аналарымыз балаларға «Жас эколог» формасын тігіп берді. Әр бала өз формасын киіп Қарағанды қаласының бас паркіне саяхат жасады. Саяхат барысында балаларға қоршаған ортамен таныстыру жұмыстары, саябақта жүркі ережелері, қауіпсіздік шаралары, тазалық пен саябақты баптаудың жолдары түсіндірілді.



Таза ауада түрлі қимылды әрі дидактикалық ойындар әдісін қолданып, саябақтағы құстарға әке мен баланың жасаған құс ұясын іліп, әлеуметтік дағдыларын мен құзыреттіліктерін арттырды.

Цифрлық ресурстарды қолдану арқылы балаларға экологиялық симуляторлар, бейнедәрістер мен виртуалды саяхаттар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру үстіндеміз. Отбасы мен қоғамның рөлі біздің жобада басты рөлге ие. Экологиялық және еңбек тәрбиесі тек балабақшаның міндеті емес. Бұл - отбасы мен қоғамның бірлескен ісі. Ата-аналар балаларға өз іс-әрекетімен үлгі болып, тұрмыста экологиялық мінез-құлықтың үлгісін көрсетуі қажет.

Мысалы:

- үйде қалдықтарды сұрыптау,
- энергия мен суды үнемдеу,
- ағаш отырғызу немесе гүл күтіп-баптау,
- қоғамдық сенбіліктерге қатысу.

Сонымен қатар, қоғамдық ұйымдар, жергілікті экологиялық орталықтар мен жастар бірлестіктері балаларға арналған экологиялық акциялар ұйымдастыру арқылы олардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастырады.

Елімізде жыл сайын «Таза Қазақстан», «Жасыл ел», «Бір тал кессең, он тал ек» сияқты экологиялық акциялар өткізіліп, жастардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруда. Бұл бастамалар балалардың экологиялық мәдениетін дамытып, еңбекқор, жауапты тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Заманауи қоғамда экологиялық мәдениетті тұлға қалыптастыру - ұлттық және ғаламдық маңызы бар мәселе. Табиғатты қорғауға бағытталған білім мен еңбек тәрбиесін ерте жастан беру арқылы біз болашақ ұрпақтың саналы өмір сүруіне жол ашамыз.

Бала табиғатты танып, оны аялауды үйренсе, еңбектің қадірін түсінсе - ол өз елінің патриоты, жерінің қорғаушысы болмақ. Сондықтан педагогтар мен ата-аналар бірігіп, балаларға экологиялық және еңбек тәрбиесін жүйелі түрде беруі қажет. Бұл - экологиялық қауіпсіз, тұрақты дамитын қоғамға апарар сенімді жол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары (2015–2030).
3. Жұмабекова, Г. *Экологиялық тәрбие негіздері*. - Алматы, 2021.
4. Төлеубекова Р. *Тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыру жолдары*. Нұр-Сұлтан, 2020.
5. ҚР Экологиялық кодексі. - Астана, 2021.



Рахметова Айжан Кожантаевна,
Қызылорда қаласы
290 орта мектеп
бастауыш сынып мұғалімі

Жасанды интеллектті пайдалану арқылы оқушылардың математикалық ойлауын дамыту жолдары

Бүгінде жасанды интеллект технологиялары білім беру жүйесіне кеңінен еніп, оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе математика пәнінде бұл құралдарды қолданудың маңызы ерекше. Өйткені ЖИ оқушылардың логикалық пайымдауы мен аналитикалық қабілеттерін, шығармашылық ойлауын дамытуға елеулі үлес қосады. Жалпы математика – қатаң заңдылықтарға, нақты дәлелдер мен жүйелі ойлауға негізделген ғылым. Менің ойымша, жасанды интеллектке сүйенген әдістерді енгізу осы пәнді оқытудың тиімділігін арттырып, оны жаңа деңгейге шығарады. Неліктен бұл шешімге келдім? Өйткені жасанды интеллект әр оқушының білім деңгейін, оқу қарқынын ескеріп, жекелендірілген тапсырмалар ұсына алады. Бұл – дәстүрлі сабақтарда жиі кездесетін басты қиындықтың бірі, яғни әр оқушыға жеке қолдау көрсетудің мүмкін еместігін тиімді шешудің жолы.

ЖИ негізіндегі платформалар есепті бір ғана дайын формула арқылы шешуге емес, керісінше оқушыны ойлануға, бірнеше балама шешім жолын қарастыруға бағыттайды. Бұл тәсіл білім алушыны механикалық жаттаудан арылтып, есептің мәнін түсінуге, логикалық байланыстарды табуға жетелейді. Мысалы, күрделі мәтіндік есептерді талдау кезінде ЖИ құралдары әрбір қадамды кезең-кезеңімен көрсетіп, шешімнің дұрыстығын дәлелдейді. Мұндай қолдау оқушыларға математикалық модель құруға, абстрактілі ұғымдарды нақты өмірлік жағдаяттармен байланыстыра білуге мүмкіндік береді.

Шетелдік тәжірибеде жасанды интеллектке негізделген математика оқыту платформалары кеңінен қолданылуда. Мәселен, АҚШ-та DreamBox Learning және Carnegie Learning жүйелері оқушының деңгейіне қарай есептердің күрделілігін автоматты түрде реттейді. Қытай мектептерінде Squirrel AI платформасы оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жедел анықтап, оларға жеке оқу траекториясын ұсынады. Бұл тәжірибелер ЖИ-дің тек көмекші құрал емес, оқыту сапасын арттыратын негізгі әдістемелік ресурс екенін көрсетеді.

Қазақстанда да ЖИ элементтерін пайдалану бағытындағы алғашқы қадамдар жасалуда. Кейбір жетекші мектептерде математика сабақтарында Photomath, Microsoft Math Solver сияқты қосымшалар қолданылады. Олар оқушыларға тек дайын жауап бермей, шешу жолын кезең-кезеңімен түсіндіріп, оқушының өз бетінше ойлауына мүмкіндік береді.

Дәстүрлі сабақ үлгісінде оқушылар есепті шешуде көбіне дайын формулаларды пайдаланып, стандартты жолдармен дұрыс жауап табуға ұмтылатын. Мұндай жағдайда ойлау әрекеті шектеліп, есепті механикалық тұрғыдан орындауға әкелетін. Ал ЖИ негізіндегі платформалар мен бағдарламалар есепті әртүрлі тәсілмен шешуге мүмкіндік беріп, оқушыға шешімдерді салыстыруға, баламалы модельдер құруға және өз бетінше қорытынды жасауға жағдай жасайды. Бұл білім алушыны тек ақпаратты қабылдаушы ғана емес, білімді құрастырушы деңгейіне көтереді.

Жасанды интеллекттің математикадағы қолданылуы үш бағытта ерекше байқалады:

1. Логикалық ойлау дағдылары – ЖИ шешімнің бірнеше нұсқасын ұсынып, оқушыны салыстырып талдауға, ең тиімдісін тандауға бағыттайды.

2. Аналитикалық қабілеттер – есепті кезең-кезеңімен орындау барысында жүйе қателерді анықтап, олардың себебін түсіндіреді.

3. Шығармашылық ойлау – өмірлік жағдаяттарға негізделген модельдер құру, дәстүрлі емес шешім жолдарын табу арқылы оқушылардың қиялын және зерттеушілік қабілетін жетілдіреді.

Сонымен қатар, ЖИ құралдары білім алушының жеке қажеттіліктерін ескеріп, оқыту үдерісін дараландыруға жағдай жасайды. Әрбір оқушы өз деңгейіне сәйкес тапсырмалар орындап, жеке нәтижесін бақылап, қателерін түзете алады. Мұның өзі білім беруді стандартталған жүйеден тұлғаға бағытталған оқытуға көшірудің маңызды тетігі болып табылады.

Сабақта мен жасанды интеллект құралдарын пайдалана отырып, бір есептің бірнеше шешу жолын салыстыруға басымдық беремін. Бұл тәсіл оқушыларды дайын формулаға сүйеніп қана қоймай, есепті әртүрлі тұрғыдан қарастыруға үйретеді. Мысалы, бір теңдеуді аналитикалық әдіспен де, графиктік әдіспен де шешуге болады. ЖИ қосымшалары осы екі тәсілді қатар көрсетіп, олардың айырмашылығы мен ұқсастығын айқындауға мүмкіндік береді.

Сабақ барысында мен алдымен есепті дәстүрлі әдіспен шығаруды ұсынамын. Одан кейін оқушыларға ЖИ жүйесін (мысалы, Microsoft Math Solver немесе Wolfram Alpha) пайдаланып, сол есептің басқа шешу жолдарын көруге тапсырма беремін. Әр оқушы экранда көрсетілген шешімдердің қадамдарын мұқият талдап, өз әдісімен салыстырады. Бұл тәсіл олардың математикалық ойлауын кеңейтіп, шешім қабылдауда икемді болуға жетелейді.

Осы әдісті қолдану барысында оқушылар бірнеше маңызды дағдыны меңгереді:

* есепті әртүрлі тәсілмен шешуге болатынын түсінеді;

* шешімдердің тиімділігін салыстырып, ең қысқа әрі қолайлы жолды табуға машықтанады;

* алгоритмдік ойлауын дамытады, себебі әр шешім жолының құрылымын талдауға үйренеді.

Сабақ соңында мен оқушыларға шағын рефлексия тапсырмасын беремін: «Қай шешу жолы саған ыңғайлы болды? Неге?» деген сұрақтарға жауап жазу арқылы олар өздерінің ойлау стратегиясын түсінеді.

Осылайша, ЖИ арқылы есепті шешудің бірнеше жолын салыстыру әдісі оқушыларды математикалық тұрғыдан жан-жақты ойлауға, өз ойын дәлелдеуге және баламалы шешімдер іздеуге үйретеді. Сабақта мен дәл осы тәсілді жиі қолдануға тырысамын, өйткені ол оқушыны шығармашылық ізденіске жетелейді және математикаға деген қызығушылығын арттырады.

Одан бөлек, «Қателерді табу» әдісі (баламалы нұсқа) бар. Бұл әдісті сабақта мен оқушылардың аналитикалық ойлауын дамыту үшін жиі қолданамын. ЖИ қосымшалары кейде есептің шешуін дұрыс көрсеткенімен, қадамдарында түсінбестік немесе күрделі әдістер қолдануы мүмкін. Ал кейде мен әдейі ЖИ-ге қате енгізіп, оқушыларға соны талдатамын. Сабақтағы қолдану үлгім төмендегідей:

- Оқушыларға ЖИ шешкен есептің толық қадамдарын экранға шығарамын (мысалы, квадрат теңдеуді шешу);

- Оқушылардың міндеті – әр қадамды мұқият қарап, шешімнің дұрыстығын тексеру. Егер күмәнді немесе қате тұстарын тапса, оны дәлелдеп көрсетуі керек. Мысалы: «Бұл қадамда көбейткіштерге дұрыс жіктелмеген», «Формула дұрыс қолданылмаған» т.с.с.;

- Жұптық жұмыс кезінде оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, дұрыс шешімге өздері келеді. Соңында мен ЖИ арқылы дұрыс шешімін қайта көрсетіп, оқушылардың анықтаған қателерімен салыстырамын.

Жасанды интеллект арқылы PISA үлгісіндегі тапсырмалар құруға да болады. PISA халықаралық зерттеулерінде қолданылатын тапсырмалар оқушының тек формуланы жатқа қолдануын емес, алған білімін өмірлік жағдаяттарда пайдалана білуін бағалайды. Сондықтан мұндай тапсырмаларды дайындауда ЖИ-дің мүмкіндігі зор. ЖИ құралдары нақты деректерді талдап, шынайы өмірге жақын математикалық жағдаяттарды ұсына алады. Мысалы, «қаладағы су тұтынуды есептеу», «жол қозғалысын оңтайландыру», «дүкендегі жеңілдіктерді салыстыру» сияқты мәселелерді автоматты түрде генерациялап береді.

Сабәқ барысында мен осы тәсілді қолдана отырып, оқушыларға күрделі, бірақ өмірмен байланысты есептер ұсынамын. Оқушылар есепті шығару кезінде математикалық модель құрып, берілген мәліметтерді талдап, шешімін өмірлік тұрғыдан негіздейді. Бұл олардың функционалдық сауаттылығын, яғни алған білімін күнделікті өмірде қолдана білу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, ЖИ тапсырманы әртүрлі деңгейде (қарапайымнан күрделіге дейін) ұсына алады. Мысалы, бір оқушыға сандық деректерді қарапайым есептеуді берсе, екіншісіне сол деректер негізінде болжам жасау немесе оңтайлы шешім табу сияқты тереңірек тапсырма құрастырады. Мұндай жекелендірілген тәсіл оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеріп, әрқайсысының даму қарқынын арттыруға жағдай жасайды.

Сабәқтағы қолдану үлгісі:

* Мен ЖИ жүйесіне сұраныс беремін: «Оқушының жасына сай, математикадан өмірмен байланысты тапсырма құр».

* Мысалы, ЖИ келесідей есеп ұсынады:

«Қаладағы әр тұрғын күніне орта есеппен 150 литр су тұтынады. Қала халқы 250 000 адам болса, бір айда қанша су қолданылады? Ал егер тұрғындар суды 10% үнемдесе, қанша литр су үнемделеді?»

* Оқушылар есепті шығарып қана қоймай, нәтижесін диаграмма немесе график арқылы көрсетеді.

Оқушылардың әрекеті:

1. Нақты жағдайды талдайды (қаладағы су тұтыну).
2. Берілген деректерді формулаға салады.
3. Нәтижесін өмірлік мән-мағынамен байланыстырады (үнемделген су көлемі не үшін маңызды?).

Оқушылар шағын топпен ЖИ құрастырған тапсырмаларды бір-біріне шештіріп көреді. Мысалы, бір топқа «автобус маршрутын оңтайландыру», екінші топқа «отбасылық бюджет жоспарлау», үшінші топқа «дүкендегі жеңілдікпен тауар сатып алу» сияқты есептер беріледі. Мен оқушыларға ЖИ көмегімен өздері PISA үлгісіндегі есеп құруды тапсырамын. Мысалы:

* «Біздің мектеп бір айда қанша электр энергиясын жұмсайды?»

* «Спорт алаңындағы жүгіру жолының ұзындығын пайдаланып, оқушы қанша қадам жасайды?»

Бұл әдіс оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни тұрғыдан ойлауын және өмірде математикалық модель құра білу дағдыларын дамытады. ЖИ жүйелері тапсырмаларды жас ерекшелігіне қарай бейімдеп, әр оқушыға дербес бағыт ұсына алады.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект технологияларын математика пәнінде қолдану оқушылардың логикалық, аналитикалық және функционалдық ойлауын дамытуға

зор мүмкіндік береді. ЖИ арқылы есепті бірнеше тәсілмен шығару, қателерді табу, графиктерді модельдеу, PISA үлгісіндегі тапсырмалар құру сияқты әдістер оқушыны тек формулаларды қолданушы емес, шынайы өмірлік мәселелерді шешуші тұлға ретінде қалыптастырады. Мұндай тәсілдер оқушының қызығушылығын арттырып қана қоймай, жеке білім траекториясын құруға, өзін-өзі бағалау мен рефлексия жасауға, ал ең бастысы — алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдануға жағдай жасайды. Демек, жасанды интеллект – математика пәнін оқытуда тиімділікті арттыратын, білім сапасын жаңа деңгейге көтеретін әмбебап құрал болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Godwin-Jones, R. (2019). Emerging Technologies: AI Tools for Language Learning. *Language Learning & Technology*, 23(2), 6–10.
2. OECD (2019). PISA 2018 Assessment and Analytical Framework. Paris: OECD Publishing.
3. Тулегенова, А.Ж., & Сейтова, Ш. (2022). Жасанды интеллект технологияларын білім беруде қолдану. *Қазақстан мектебі*, №3, 15–20.
4. Polya, G. (2004). *How to Solve It: A New Aspect of Mathematical Method*. Princeton University Press.
5. Қалиев, С. (2021). *Математикалық ойлауды дамыту әдістері*. Алматы: Қазақ университеті баспасы.
6. UNESCO (2021). *AI and Education: Guidance for Policy-makers*. Paris: UNESCO.



Кенжебекова Меруерт Сұлтанқызы,
Ақмола облысы, Целиноград ауданы
Талапкер ауылының жалпы орта білім беретін мектебі КММ
Мектеп педагог психологы

Ойын арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту

Бала өмірінің алғашқы мектепке дейінгі кезеңі оның өсіп жетілуіндегі ең жауапты кезең. Бұл кезде баланың ақыл-ой қабілеті, қасиеттері және эстетикалық сезімдері қызықты, еңбек, ойын процесінде жан-жақты қалыптасады. Бала өмірінің алғашқы мектепке дейінгі кезеңі оның өсіп жетілуіндегі ең жауапты кезең. Бұл кезде баланың ақыл-ой қабілеті, қасиеттері және эстетикалық сезімдері қызықты. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Қазақстан бүкіл әлемдегі сияқты мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек, - деп атап көрсеткен. Осыған орай жастардың білім жетістігін өркениетті елдердің білім деңгейіне көтеру, ол үшін білім беру, оқыту технологиясын үнемі жетілдіріп отыру – өмір талабы. Ал білім баспалдағы балабақшадан бастау алатындығын ескерсек, ол жердебалаға білім берудегі, баланың біліктілік дағдыларын, таным қабілеттерін қалыптастырудағы басты құрал - ойын технологиясы екенін естен шығармағанымыз абзал. Шағын орталық қабырғасында баланың көп уақытын ойынмен өткізетіні белгілі. Ойын – бала өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің алғы шарты. Ойын дегеніміз жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Халқымыздың ұлы ойшыл - ақыны

Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», - деп айтқандай ойын бала өмірінде айрықша орын алады. Сәбидің өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық таным – дағдылары осы ойын үстінде қалыптасады.

К. Ушинский: «Ойын - балалардың өз бетімен ерікті атқаратын іс - әрекеті, ойын арқылы адамның жан дүниесінің барлық қырлары, жүректілігі, ерік - жігері қалыптасады», - деген ой айтады. Ойынның, әсіресе балалардың психологиясына тигізетін әсері көп, ойын кезінде балалардың ортамен қарым – қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, мінез – құлқы қалыптасады, ойынның сан алуандылығы балаларды достыққа, адамгершілікке, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулиды

Ойын арқылы баланың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығы өзгереді, таным белсенділіктері қалыптасып, ақыл – ой процесі өсіп – жетіледі, түрлі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір – біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, достық, жолдастық, бауырмалдық, ортаны сыйлау сезімдеріне тәрбиелеуге болады. «Адам өркениетті болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалар еді», - деп К. Чуковский бала денесінің дамуы мен ой – дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей байланысты екенін атап көрсеткен.

Д. Эльконин бала психикасының дамуында ойынды «жетекші іс – әрекет» сөз тіркесімен сипаттайды. Д. Эльконин еңбектері балалар ойынының әлеуметтік табиғатын ерекше мәдени құрылым ретінде түсіндіреді, ол ойынды ересектердің қоғамдық өмірін бейнелеу деп анықтайды «Ойын – мінез – құлықтың ырғақты дамуының алғашқы баспалдағы мектебі», - дейді бала психологы Д. Б. Эльконин. Егер баланы жай кезде тік

тұрғызып қойсаңыз, ол 2 - 3 минут та тұрмайды, ал егер ойын үстінде айтсаңыз, тіпті ол бір кертартпа, қыңыр баланың өзі болса да тік тұрып қалады, бұл – ойынның өз мақсатына жету деңгейі. Л. С. Выготскийдің пікірінше, ойын, мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының дамуына ықпал етудегі жетекші құбылыс.

Ойын кезінде жан – жақты тәрбиелеудің мақсаты әр жас кезеңінде ойын әрекетінің психологиялық негізін құрастырған жағдайда ғана табысты іске асырылады. Ойынның да өзіне тән мотивтері болады. Мысалы мазмұндық, рөлдік ойындар баланың зейінін есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ал, ақыл – ой ойындарында белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттыруы мен қатар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Қызығу – танымдық іс - әрекеттің қозғаушы күші.

Ойынның дамуы бала психикасының үдемелі өзгеруіне ықпал жасайды. Ойында психикалық үрдістер (таным процестері): қабылдау, зейін, ес, сөйлеу, қиял, ойлау қалыптасады, танымдық қызығушылығы артады – бұл баланың ой - өрісін кеңейту қажеттігін туғызады. Бала бойында қалыптасқан танымдық процестерді біртіндеп дамыту мақсатында ойын түрлерін де біртіндеп күрделендіріп, балаға байқатпай көздеген мақсатқа бұрып отыру арқылы біз өзіміздің түпкі мақсатымызға жетеміз – ол – балада ойын әрекеті арқылы қалыптасып келе жатқан психикалық үрдістерді біртіндеп дамытып отыру. Ол үшін мен баланың таным процестерін қалыптастырып, дамытуға арналған әдістемелік ойындарға сәйкестендіріп топтағы әр балаға жеке – жеке Танымдық қабілеттерінің даму картасын жасадым. Жыл бойы әр психологиялық үрдіс бойынша жүргізілген ойын нәтижесін бағалап, даму деңгейі туралы қорытындылады.

Мысалға, сөйлеу қабілетін қалыптастырып, сөздік қорын дамыту мақсатындағы ойындар «Бұл не? Қалай аталады?» әдістемелік ойынын өткізу үшін әр түрлі суретті 25 - 30 карточка дайындап, балаға жеке - жеке көрсетіп, суреттің атауын сұраймын. Бала ойынға белсене араласып, жарыса жауап беріп жатады – менің «жасырын көздеген мақсатым» да осы, яғни баланы сөйлету, сөздік қорын дамыту. Нәтижесі картаға түсіріледі.

Келесіде жоспар бойынша одан күрделірек ойын: «Сурет бойынша әңгіме құрастырайық», «Жалғастыр» Әр ойын – тапсырманың нәтижесі балл түрінде картаға түсіріліп отырылады. Сол сияқты баланың логикалық ойлау қабілетін дамытуға қатты көңіл бөлемін.

К. Ушинский: «логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді. Сондай - ақ, кімде – кім баланың тіл қабілетін дамытқысы келсе, ең алдымен оның ой қабілетін дамытуы тиіс,», - деп атап көрсеткен болатын. Осыған байланысты ойлау қабілетін арттыруға арналған «Сен білесің бе?», «Бұл қай кезде болады?», «Суреттерді аяқтайық» ойындары, Зейінді қалыптастырып, дамытуға арналған «Не өзгерді?», «Түймелер», «Жұпты суреттер» ойыны, Қабылдау қабілетін дамытуға арналған «Пирамидалар, жинағыштар, таяқшалар,» «Кубиктер», «Таңғажайып дорба,», Есте сақтау қабілетін арттыруға арналған «Суреттерді есінде сақта,» «Түрлі - түсті доптар,» «Көлеңке», бала қиялын дамытуға арналған «Гүл», «Алып бер», «Аяз Атаның үйі» ойындары бойынша әдістемелік ойын сабақтарын ойната отырып баланың оқу жылының бастапқы, орта және қорытушы кезеңдеріндегі танымдық қабілеттерінің қалыптасу барысына диагностика жүргіземін.

Жыл соңында әр топтағы балалардың таным қабілеттерінің дамуына жүргізілген диагностикалық жұмыс нәтижесінің қорытындысы шығарылып, ортақ балы есептеледі, мониторинг жасалынады. 2 - 3 жылғы мониторинг қорытындысын салыстыра отырып,

баланың психологиялық танымдық тұрғыда даму деңгейі анықталады, және ол мониторинг көшірмесі баланың болашақ сынып жетекшісіне беріліп, ол баламен ары қарай жұмыс жүргізу деңгейі қарастырылады, яғни балабақша мен мектептің үздіксіз байланысы жүзеге асады.

Міне, өздеріңіз көріп отырғандай, ойын – баланы зерттеудің басты диагностикасы.

Ойын баланың интеллектуалдық мүмкіндігіне, мінездерінің ерекшеліктеріне, бір – бірімен қарым – қатынасының сапасына ықпал етеді. Кез – келген ойын барысында ойынды бас таушы, қостаушы, ойынды өздігінен қалаған арнасына бұруға әрекет етуші (лидер) айқын көрініп отырады. Ойын барысында баланың осы әрекеттерін бақылай отырып педагог – психолог бала жайлы өзіне қажетті мағлұматтарды жинақтайды. Сонымен қатар ойын кезінде баланы дамытудың жаңа биік кезеңін дайындайтын нақты психикалық өзгерістер болады.

Ойын барысында баланың қиялы толығымен көрінеді.

Әйгілі психолог А. Н. Леонтьевтің айтуынша, «Ойын – іс – әрекеттегі әдептілікке үйрету мектебі» болып табылады. Мысалы, балаға «әдептілік» пен «әдепсіздік», «жақсы» мен «жаманның» не екенін қанша түсіндірсең де түсінбейді, ал егер ертегі не ойынды пайдалансақ, ертегіні тыңдай отырып не ойын барысында кейіпкер рөліне еніп, эмоционалдық жай - күйін сезініп, соған бала үйренеді, әрі түсініп алады. Мысалы, «Адасу» ойыны. «Қане, балалар, көзімізді жұмайық. Біз қазір саяхатқа шығамыз. (баяу музыка үні) Біз ну орман ішінде жүріп келеміз. Ой, біз бағыттан адасқан сияқтымыз, енді не қылсақ екен? Біреу келе жатқан тәрізді., ой, мынау орманшы ағай ғой, жол сұрауымыз қажет. Не дейміз, сөзді неден бастаймыз?» (Саламатсыз ба? Кешіріңіз, айтып жібермейсіз бе? Рахмет! Сау болыңыз!) міне, бір ойын барысында бала өміріне азық қанша әдептілік сөздерін үйренді. Немесе, «Сыйқырлы сөздер» ойыны – ойын барысында психолог кез келген өтінішті айтады, бала оны әдепті түрде айтуы керек. «Инабат, ойыншықты бер» «Инабат, өтінемін, ойыншықты берші». т. б.

Негізінен, сюжеттік - рөлдік ойындар – мектеп жасына дейінгі баланың әрекет түрінің бастысы. Бұл ойын бала бойында жылы қарым – қатынас, әдептілік ережелерінің тәрбиеленуіне, мәдениетінің толығына ықпал етеді. Ойын балаға қиялындағы мүмкіндіктерді байқауға жағдай жасайды, ол рөл арқылы біреуге ұқсағысы келеді. Ұқсай отырып, жаңа нұсқада бейне жасап, олармен іштей әрекет ету және қиялдау мектеп жасына дейінгі баланың психологиялық дамуындағы жаңа бір басты құрылымы болып табылады. С. Торайғыров «Баланың қанына ойын азық», - деп бекер айтпаған. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным – түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғынады, бір – бірінен ептілікті үйренеді, дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады, психологиялық таным қабілеттерін арттырады, біліктілік дағдыларын кеңейтеді. Ойынды тек баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарасының, мінез – құлқының қалыптасу құралы деп қарап, тиімді пайдаланғанымыз жөн.



Крыкбаева Айнаш Сталовна,
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Марқакөл ауданы
«Қалжыр орта мектебі»
КММ шағын отралық тәрбиешісі

Балалардың тілдерін дамытуда қазақ ауыз әдебиетінің орны

Педагогтар – тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі болашағын тәрбиелеушілер. «Ұстаздық – ұлы тұлға» - деп М.Әуезов айтқанындай педагогика саласында қандай маман болмасын әдістемелік іс-тәжірибені жетік меңгерген біліктілікті, баланың жан-дүниесіне үңіле білетін кәсібилікті талап етеді.

Халық ауыз әдебиеті – талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай, асыл қазына, халық шежіресі. Онан халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымыздың ұлылығын танимыз, халқымыздың батырлық, ерлік тарихын көреміз.

Шағын орталықтарда бүлдіршіндерді ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстырып, олардың рухани өмірін байыта түсу тәрбиешілердің міндеті болып табылады.

Бүлдіршіндердің ой-өрісін дамытуға, қиялын шарықтатып, тіл байлығын дамытуда ауыз әдебиет үлгілері - ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштардың тигізетін пайдасы ұшан-теңіз. Қазақ ауыз әдебиеті халық тарихымен тамырлас, біртұтас біте қайнасып келе жатқан ғылым. Әдебиеттен ұлтымыздың рухын, мінезін, болмысын сезінеміз.

Қазіргі жаһандану заманында жас ұрпақ тәрбиесіне тілдік ортаның, әсіресе, теледидар, радио, электронды құрал-жабдықтардың ықпалы өте күшті. Бүгінде қазақстандық қоғамның еңкейген қарты мен еңбектеген баласына дейінгілердің барлығы интернет жүйесінде, әлеуметтік желілердегі шоуларды тамашалап жүр. Алайда олардың жартысынан көбі жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне кері әсерін тигізуде, көпшілігі орысша немесе өзге елдердің сайттарынан ұсынылған.

Ауыз әдебиеті – халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы. Көрнекті қоғам қайраткері, қазақ тіл ғылымның негізін қалаушы, Алаш арысы Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» кітабында былай дейді: «Өнердің ең алды сөз өнері деп танылады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадірінше сөз өнері атқара алады. Қаладағы сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты немесе кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді».

Балаларға арналған қазақ ауыз әдебиетіндегі шығармалар Отанды сүйуге, ерлікке, елін қорғауға тәрбиелеумен бірге, халық ауыз әдебиетінен сусындаған баланын тілі ұшқыр, ойы зерек, алғыр, қиялын шарықтатып тіл байлығын молайтады. Ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстыру үшін, алдымен оқылатын материалдың көлемін, мазмұнын жас ерекшелігіне байланысты анықтап алу керек. Қазақ ауыз әдебиетінің негізгі түрлеріне мақал-мәтелдер мен жұмбақтар, санамақтар мен ертегілер, жаңылтпаштар жатады.

Балалардың халық ауыз әдебиеті шығармаларына деген қызығушылықтарын оятуда әдіс-тәсілдердің тиімді тұстарын қолданған абзал. Мәселен, балаларды қысқы серуен кезінде қармен оның қасиеттерімен таныстырып, топқа келген соң ғана «Қыста ғана болады,

ұстасаң қолың тонады» деген жұмбақты жасырып, өздеріне айтқызып шешуін тауып айтуды ұсынуға болады. Жұмбақты 3-4 рет естіген соң балалар өздері жатқа айтып тілдері жаттығып, мағынасын түсіне бастайды. Балаларды төрт түліктің бірі түйемен таныстыруған соң «Түйе маған шұбат береді, Шұбат маған қуат береді» деген жаңылтпашты баланың сөздік қорын байытып, сөздерді анық айтуға жаттықтыруға болады.

Шығарманы талдау барысында әр балаға өз ойларын еркін айтуларына болады.

- Шығарма мазмұны (мұнда ересек, даярлық тобы балалары бірінен соң бірі шығарма мазмұнын жалғастырып әкетеді);

- Шығармадағы ұнамды кейіпкерлер, несімен ұнады? (балалар пікіралысуы жалғасады, ұнамды кейіпкерлер, олар несімен ұнады, сол туралы әңгімеленеді);

- Шығармадағы ұнамсыз кейіпкерлер (балалар шығармадағы ұнамсыз кейіпкерлер туралы ой бөліседі).

Балаларды халықтық, ұлттық рухта тәрбиелеу ісінде көркем әдебиеттің атқаратын қызметі айрықша. Ұлттық педагогиканың маңызы әлі де болса түбегейлі зерттеліп болды деуге болмайды.

Жұмбақтар – белгілі бір заттар мен құбылыстардың ең негізгі қасиеттерін жұмбақтап айту арқылы баланы ойлауға мәжбүр ететін ой жаттығуы. Бала үшін қоршаған орта жұмбақ дүниелерге, түсініксіз оқиғаларға толы. Балалар қоршаған ортаның сырын ашуға, білуге құштар келеді. Сондықтан да жұмбақтың балаларды қызықтыратын қасиеті - балалардың білуге, үйренуге деген ынтасын оятатындығы. Халықтық шығармалар ішінде жұмбақтар үлкен рөл атқарады.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан, өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы - мақал мен мәтелдер арқылы да беріледі. Қазақтың мақал-мәтелдері негізінен елдікке, ынтымақ-бірлікке, адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелейді.

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс та, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімдейтін жанр – жаңылтпаш. Балалар жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді. Сол себепті, бала тілін дамытуда барынша жаңылтпаштарды пайдаланған дұрыс.

Балалардың дүниетанымын қалыптастыруға әсер ететін қазақ балалар фольклорының тағы бір түрлері - диалог түрде құрылған сұрамақтар мен қызықтамалар. Қызықтамалар мен сұрамақтар шағын орталықтардың оқу-тәрбие жұмыстарында сирек қолданылатын жанрдың бірі. Сұрамақтар диалог түрінде құрылып, қызықтамаларға қарағанда шағын сюжетті көрсетеді және екі баланың кезектесіп айтуына ыңғайлы жанр. Сұрамақтардың тағы бір ерекшелігі табиғат құбылыстарымен, жан-жануарлармен адам ретінде тілдесуі болып табылады. Сұрақтан-сұрақ туындата отырып жасалған сұрамақтар балаларды тереңірек білуге, зерттеуге жетелейді.

Қызықтамалар - негізінен белгілі бір сюжетке құрылып, өлеңдік баяндау түрінде жырланады. Қызықтамалардың сұрамақтардан айырмашылығы - үлкен бір сюжетке құрылып, ертегілерге ұқсас болып келеді және сұрақ арқылы басталып, оқиға бірден-бірге өрбіп, бала ойын «одан әрі не болар екен?» деген қызықтарға тартып отырады. Қызықтамалар өлең ұйқастарынан құрылып, танымдық астарларында жеңіл әзіл астарласып жатады. Кейіпкерлері жан-жануарлардың, құстардың, адам әрекеттерін бейнелейді. Қызықтамалар кейіпкерлер өлі және тірі табиғатпен тілдесіп, дүниенің қыры мен сырын, өмірдегі болатын қарама-қайшылықтарды түсіндіруге көмектеседі.

Қазақ халқының тұрмыс салтын, арман үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі – ертегілер. Ертегілер өте ерте заманда, тіпті

жазу сызу өнері болмаған кездің өзінде-ақ туған. Бұларды халқымыз күні бүгінге дейін ұрпақтан ұрпаққа ауызша да, жазбаша да жеткізіп келеді.

Ертегілеріндегі шытырман оқиғалар, ұрпақ санасынан басқа дүниелерден гөрі ертерек орын теуіп, бала ой-танымы мен қиялының қанаттануына үлкен әсер ететінін ата-бабаларымыз жақсы білген. Ертегілер дүниесі замана белестерінде тарихи оқиғалар мен аңыздарға негізделіп, рухани мұраларымызға айналды. Қазақ ертегілері балалардың тілдерін дамытумен бірге тапқырлыққа, еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке, достыққа, қаһармандыққа, адалдыққа, парасаттылыққа шақырып, әділеттілікті қолдап, сезімтал, ұяң мінезді жандарды алдаудан, екіжүзділіктен қорғап, көмектесіп отырады. Жақсы мен жаманды айыра білуге жол сілтейді.

Ертегілер жанрлық ерекшеліктеріне қарай негізгі үш топқа бөлінеді: хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілері, тұрмыс-салт ертегілері. Хайуанаттар жайлы ертегілердің танымдық жағынан жануарлардың іс-әрекетінің ерекшеліктерін көрсетеді («Түлкі мен қоян», «Түлкі мен әтеш», «Қасқыр мен ешкі», «Аңқау арыстан» т.б.)

Қиял-ғажайып ертегілері халықтың қиялынан, арман-тілектерінен туса, тұрмыс-салт ертегілері халқымыздың тұрмыс-тіршілігін сипаттайды. Ертегілер балаларды өмірге басқа көзқараспен қарауға, қоршаған ортаның жұмбақ сырларын ашуға көмектеседі. Балалар ертегілерді тыңдап, әңгімелеп айтып қана қоймай, сахналық қойылым ретінде орындауда рөлдерді сомдай отырып, жақсы мен жаманды, өтірік пен шындықты, әділет пен зұлымдықтың арасындағы айырмашылықты сезіне түседі.

Мақал-мәтел, нақыл сөздер - халықтың ұзақ уақыт бойы адамдардың іс-әрекеті, мінез-құлқы жасалған байқауларынан туған дана сөздері. Бұлар баланың тілін дамытуды, ақылды, мағыналы, тәрбиелі сөздерді еске сақтауға, сөздің мағынасын түсініп оны жатқа айтуға және үйренген сөздерді күнделікті өмірде қолдана білуге қалыптастырады.

Халық ауыз әдебиетінің бала тілін дамытуда халық арасында кеңінен дамыған қимыл ойындарында алатын орындары ерекше. Ойында тапқырлық, шапшандық, батылдық қасиетімен, ойынмен балалар тәрбиесіндегі алатын орнын жақсы білген халқымыз «Ақ серке, көк серке», «Қуыр, қуыр, қуырмаш», «Тәй-тәй», «Соқыр теке» ойындарын ойлап тапқан, ойындарда ауыз әдебиетінің үлгілері кеңінен пайдаланып, баланың тілінің дамуына сөйлемді байланыстыра сөйлеуге үйретеді.

Сонымен, баланың тілінің бай, сөздік қоры мол, көркем, бейнелі сөздермен байланыстыра отырып, сөйлем құрастыра білуге, мәдениетті сөйлей және сұраққа толық жауап беруге халық ауыз әдебиетінің берер маңызы өте мол.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1 Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 1974. -214 б
- 2 Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі кезеңде білім беру мазмұнын жаңартудың әдіснамалық негіздері. Монография. - Астана, 2010.
- 3 Бадел А. Асыл мұра:әдістемелік нұсқау.- Астана: Қазақ Пресс, 2009. – 95 б

Умбетова Перизат Умирбековна,
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің
«Мұқан Төлебаев атындағы балалар музыка мектебі»
Домбыра маманы

Оқушы шығармашылығын дамытудағы ансамбль сабағының маңыздылығы: педагогтерге арналған әдістемелік құралдың тиімділігі

Кіріспе

Музыкалық білім беру процесінде оқушының шығармашылығын дамыту – педагогикалық жұмыстың басты міндеттерінің бірі. Бұл мақсатқа жетудің тиімді жолдарының бірі – ансамбль сабақтары. Ансамбль сабақтары оқушыларға музыкалық шығармашылықты дамытуға, өз дағдыларын жетілдіруге, топ ішінде үйлесімді жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік құралдар ансамбль сабақтарын ұйымдастыруда педагог үшін нақты бағыт ұсынады. Олар сабақтың құрылымын, жаттығулардың түрін, орындау тәртібін көрсетіп, сабақ тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Педагог осы құрал арқылы сабаққа шығармашылық элементтерді енгізіп, әрбір оқушының қабілеттерін тиімді пайдалануға мүмкіндік алады.

Ансамбль сабақтары – тек техника мен нотаны меңгеру емес, бұл оқушылардың музыкалық сезімін, ритмдік мәдениетін, интонациялық дұрыс орындау қабілетін дамытуға арналған кешенді процесс. Сол себепті педагог үшін әдістемелік құрал сабаққа жүйелілік пен тиімділікті қамтамасыз етудің негізгі кілті болып табылады.

Негізгі бөлім

1. Педагогикалық тиімділіктің әдістемелік аспектілері

Ансамбль сабақтарын ұйымдастыруда әдістемелік құрал педагогке сабақ құрылымын алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді. Әрбір бөлімнің мақсаты анықталады: жаттығу, шығармашылық элемент, музыкалық үйлесімділік. Мұндай жүйелілік сабақ барысында педагогтің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың белсенділігін арттырады.

Педагог сабақ барысында әр оқушының қабілетін бақылап, оған жеке тапсырмалар беріп, шығармашылық мүмкіндіктерін аша алады. Мысалы, бір оқушы ритмді жақсы сезсе, оған топтық орындау кезінде жетекші ритмдік партия берілуі мүмкін. Ал вокалдық немесе домбыралық партияны әлдеқайда жақсы меңгерген оқушыға қосымша гармониялық элементтер берілуі мүмкін. Бұл әдістемелік құралдың арқасында педагог әр оқушының күшті және әлсіз тұстарын көріп, сабақ тиімділігін арттыра алады.

2. Шығармашылық дамуға әсері

Ансамбль сабақтары оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Әдістемелік құрал педагогқа әртүрлі жаттығулар, импровизациялық тапсырмалар, топтық музыкалық ойындар арқылы сабаққа шығармашылық элементтерді енгізуге мүмкіндік береді.

Оқушылар ансамбльде ойнаған кезде:

- музыкалық композицияны сезу және орындау қабілетін дамытады;
- өз идеяларын музыкалық тіл арқылы көрсетуге үйренеді;
- топ ішінде келісіп, бір-бірін тыңдауға және үйлесімді әрекет етуге дағдыланады;
- шығармашылық шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіреді.

Бұл оқушының жеке шығармашылығын дамытумен қатар, топтық шығармашылық нәтижеге де оң әсерін тигізеді.

3. Педагогикалық бақылау және кәсіби өсу

Әдістемелік құрал педагогке сабақ тиімділігін нақты бағалауға мүмкіндік береді. Педагог әр оқушының техникалық деңгейін, музыкалық сезімін, интонация мен ритмді сезіну қабілетін бақылай алады. Сонымен қатар, топтағы үйлесімділікті, бір-біріне көмектесу және қолдау қабілетін де бағалай алады.

Бұл бақылау педагогқа сабақ барысында түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Мысалы, кейбір оқушылар топ ішінде басқаларға қарағанда баяу немесе жылдам ойнаса, педагог әр оқушыға жеке тапсырма немесе топ ішінде ротация жүйесін қолдану арқылы сабақтың үйлесімділігін сақтай алады.

Сонымен қатар, әдістемелік құрал педагогтің кәсіби өсуіне де әсер етеді. Ол жаңа әдіс-тәсілдерді, шығармашылық жаттығуларды, заманауи музыкалық әдістемелерді қолдануға мүмкіндік береді. Педагог сабақ барысында инновациялық тәсілдерді қолдану арқылы сабақ сапасын арттыра алады.

4. Практикалық нәтиже және сабақ тиімділігі

Ансамбль сабақтары нәтижесінде оқушылар:

- музыкалық шығармаларды дұрыс орындауды үйренеді;
- әр түрлі музыкалық стильдер мен жанрларда тәжірибе жинақтайды;
- топтық жұмыс дағдыларын дамытады;
- шығармашылық сенімін қалыптастырады.

Педагог үшін бұл сабақтар сабақ тиімділігін арттырудың және оқушылардың жеке қабілеттерін барынша ашудың нақты құралы болып табылады. Әдістемелік құрал сабақтың практикалық құндылығын арттырып, педагогқа сабақ барысын жүйелеуге және оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, ансамбль сабақтары оқушы шығармашылығын дамытуда және педагогикалық жұмыстың тиімділігін арттыруда ерекше мәнге ие. Әдістемелік құрал педагогке сабақ құрылымын жоспарлауға, шығармашылық тапсырмаларды енгізуге, оқушылардың жеке және топтық жетістіктерін бақылауға мүмкіндік береді.

Ансамбль сабақтары мен әдістемелік құралдың үйлесімі педагогикалық тәжірибенің сапасын арттырып, оқушылардың шығармашылық потенциалын толық ашуға жағдай жасайды. Педагог үшін бұл құрал сабақ тиімділігін арттырудың, оқушылардың музыкалық дамуын жүйелеудің және шығармашылық белсенділігін көтерудің сенімді жолы болып табылады.

Сондықтан педагогтерге ансамбль сабақтарын ұйымдастыруда әдістемелік құралдарды жүйелі түрде қолдану ұсынылады, өйткені бұл оқыту процесінің нәтижелілігін арттырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

Отарбаева Раушан Гайнуллаевна,
преподаватель специальных дисциплин
Кумпейсов Улан Асанович,
преподаватель специальных дисциплин
КГКП «Геологоразведочный колледж»

Интеграция проектно-исследовательской деятельности и производственной практики в формировании профессиональных компетенций будущего специалиста геолога

Введение

В современном профессиональном образовании особое внимание уделяется формированию у студентов практических и исследовательских компетенций, позволяющих им успешно адаптироваться в условиях реального производства. Для студентов геологических специальностей важнейшей формой интеграции теоретических знаний и практических навыков является производственная практика, во время которой формируются ключевые профессиональные компетенции: умение проводить геологоразведочные исследования, анализировать и интерпретировать данные, оформлять отчёты и представлять результаты исследований.

Эффективным инструментом в данном процессе становится проектно-исследовательская деятельность студентов, направленная на решение конкретных профессиональных задач. Такой подход обеспечивает сочетание практической работы с элементами научного поиска и формирует у будущего геолога профессиональное мышление, самостоятельность и ответственность за результаты труда.

Основная часть

Производственная практика создаёт реальные условия для применения студентами полученных знаний и освоения технологий, используемых в геологоразведочных организациях. На этом этапе проектно-исследовательская деятельность направлена на развитие следующих компетенций:

- сбор и систематизация геологической информации;
- умение вести геологическую документацию и составлять разрезы;
- анализ и обработка данных полевых наблюдений;
- использование цифровых и ИИ-инструментов для визуализации и отчётности.

В ходе практики студентам предлагаются индивидуальные исследовательские проекты, направленные на изучение конкретных объектов или процессов. Примеры таких заданий:

– Проект «Геологическое строение участка практики» — составление описания разрезов, фиксация литологических слоёв с помощью мобильных приложений и Google Earth;

– Проект «Минералогическая характеристика образцов» — описание проб с использованием нейросети ChatGPT для перевода и стандартизации терминов;

– Проект «Экологическая оценка геологических работ» — исследование воздействия на окружающую среду и подготовка отчёта в формате инфографики через Canva;

– Проект «Цифровая карта маршрута» — построение схемы маршрута и разрезов в QGIS и Google My Maps.

Такие задания способствуют развитию самостоятельности, аналитических навыков и ответственности. Преподаватель выполняет роль научного руководителя, помогая


студентам корректировать гипотезы, интерпретировать результаты и оформлять отчётные материалы.

Использование цифровых и ИИ-технологий значительно расширяет возможности студентов при выполнении проектно-исследовательских заданий. Современные инструменты (ChatGPT, Perplexity, Canva, QGIS, Excel, Diffit, Leonardo AI) позволяют автоматизировать часть рутинных операций, повысить точность анализа и наглядность представления данных. Это, в свою очередь, способствует развитию цифровой грамотности и укреплению связи между учебной и производственной практикой.

Заключение

Проектно-исследовательская деятельность в условиях производственной практики является важнейшим компонентом профессиональной подготовки будущего геолога. Она позволяет студентам не только закрепить знания, полученные в ходе обучения, но и осознать их практическую значимость, научиться принимать решения и презентовать результаты своего труда.

Интеграция цифровых технологий и искусственного интеллекта делает этот процесс современным, технологичным и соответствующим требованиям работодателей. В результате формируются компетенции, отражающие реальные профессиональные функции геолога: наблюдать, анализировать, прогнозировать и применять цифровые решения в исследовательской практике.





Список литературы

1. Государственный общеобязательный стандарт технического и профессионального образования Республики Казахстан. – Астана, 2022.
2. Методические рекомендации по организации учебной и производственной практик студентов технического профиля. – Нур-Султан: НАО «ТиПО РК», 2023. – 74 с.
3. Тлеубергенова, А.Б. Цифровизация профессионального образования: от теории к практике. – Семей, 2024. – 102 с.
4. Кожухметова, Г.К. Проектно-исследовательская деятельность студентов СПО как средство формирования профессиональных компетенций // Вестник образования Казахстана. – 2023. – №5. – С. 60–65.
5. ChatGPT и искусственный интеллект в образовательной практике: возможности интеграции в профессиональное обучение // Digital Pedagogy Review. – 2024. – №2. – С. 40–46.
6. Adilet.zan.kz – Официальный интернет-ресурс нормативных правовых актов Республики Казахстан.
7. Руководство по ведению геологической документации при производственных практиках. – Алматы: Казгеология, 2021. – 58 с.

Мүтан Ардақ Мүтанқызы,
Павлодар қаласы
«Б.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық
қазақ гимназия-интернаты» ММ
тарих пәнінің мұғалімі

Қазақстан тарихын оқытудағы заманауи тиімді әдістер мен тәсілдер

Қазақстан тарихын оқыту – жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруда, ұлттық құндылықтар мен рухани мұраға деген құрметін арттыруда ерекше маңызға ие үдеріс. Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында оқушылардың тек тарихи деректерді жаттап қана қоймай, тарихи оқиғалардың мәнін түсінуі, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауы, тарихи фактілерді бүгінгі заманмен салыстырып, өзіндік пікір қалыптастыруы — оқытудың басты мақсатына айналып отыр. Сондықтан тарих сабағында қолданылатын әдістер мен тәсілдер қазіргі педагогика талаптарына сай жаңарып, шығармашылық, зерттеушілік бағытты көздеуі қажет.

Қазақстан тарихын оқытуда тарихи танымның негізгі элементтері – тарихи сана, тарихи жады, тарихи нарратив және тарихи эмпатия – оқушының дүниетанымын қалыптастырудың өзегі болып табылады. Тарихи сана тарихи оқиғаларды қазіргі заманмен байланыстыра отырып түсінуге мүмкіндік берсе, тарихи жады ұлттың мәдени мұрасын сақтауға жағдай жасайды. Тарихи нарратив деректерді жүйелі түрде баяндауға негізделеді, ал тарихи эмпатия өткен дәуір адамдарын сол кезеңнің тұрғысынан түсінуге көмектеседі. Бұл ұғымдар сабақта қолданылғанда, оқушының тарихи ойлау қабілеті тереңдей түседі. Бұл бағыттар Джон Дьюидің тәжірибеге негізделген оқыту теориясымен, Выготскийдің элеуметтік-мәдени тұжырымдамасымен, конструктивизм мен Блум таксономиясының қағидаларымен ұштасып, оқыту үдерісінің ғылыми-теориялық негізін құрайды. Оқушы білімді дайын күйінде алмайды, оны өз тәжірибесі арқылы құрастырады, жаңа ақпаратты элеуметтік қарым-қатынас барысында меңгереді. Тарихи білім беруді осындай негізде ұйымдастыру сабақтың тиімділігін арттырады.

Заманауи педагогикада тарих сабағын қызықты әрі мазмұнды ету үшін көптеген инновациялық әдістер қолданылады. Соның бірі – «Тарихи жолмен саяхат» әдісі. Бұл тәсіл оқушылардың белгілі бір тарихи кезеңді зерттеп, оны көрнекі түрде таныстыруына мүмкіндік береді. Презентация, макет, көрме секілді визуалды жұмыстар оқушыны зерттеушілік қызметке тартып, ақпаратты жүйелі түрде талдауға үйретеді. Оқушылар тарихи кезеңді жан-жақты зерттеп, маңызды оқиғалар мен тұлғаларды танып, шығармашылықпен жұмыс істейді.

Тарихты оқытудың ерекше тиімді тәсілдерінің бірі – «Уақыт машинасы» әдісі. Рөлдік ойынға негізделген бұл тәсіл оқушыны белгілі бір тарихи кезеңге еніп, сол дәуірдің шындығын сезінуге жетелейді. Қазақ хандығының құрылуындағы тұлғаларға айналу, Түркі дәуірінің мәдени өмірін сезіну сияқты әрекеттер тарихи эмпатияны дамытады. Мұндай сабақтарда оқушылар деректерді жаттап қана қоймай, оларды өз тәжірибесінен өткізіп, тарихи оқиғаларды терең түсінеді. Тарихи деректермен жұмыс жасау әдісі сыни ойлауды дамытуда айрықша рөл атқарады. Оқушылар әртүрлі дереккөздерді салыстыру, автор ұстанымын анықтау, деректегі негізгі ойды табу және фактілерді интерпретациялау арқылы талдау дағдыларын жетілдіреді. Бұл әдіс Блум таксономиясының жоғары деңгейлеріне — талдау, бағалау, синтездеу — бағытталған.

Сабақты белсенді ететін тағы бір тәсіл – тарихи квест. Топтық жұмысқа негізделген бұл әдіс оқушылардың ынтымақтастық қабілеттерін дамытып, тарихи фактілерді іздеу, тапсырмаларды орындау, логикалық ойлау, шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады. Ойын элементтері сабақтың мотивациялық функциясын күшейтеді, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Қазіргі цифрлық дәуірде сандық мұрағаттар мен ақпараттық технологияларды қолдану тарих сабағында маңызды орын алады. Электронды архивтер, виртуалды карталар, 3D модельдер, тарихи құжаттардың сандық көшірмелері — оқушының ақпараттық сауаттылығын дамытатын тиімді құралдар. Қазақстан тарихына қатысты мұрағаттық деректерді онлайн форматта табу, оларды талдау және зерттеу оқушылардың ізденіс қабілетін күшейтеді.

Виртуалды турлар арқылы тарихи орындарға «саяхат жасау» оқушылардың елестету қабілетін арттырып, тарихи орындарды көзбен көруге жақындататын көрнекілік береді. Археологиялық ескерткіштерді, көне қалаларды, тарихи музейлерді виртуалды зерттеу сабаққа қызығушылық туғызады. Ал тарихи симуляциялар тарихи оқиғаларды интерактивті түрде модельдеуге көмектеседі. Мысалы, Ұлы Жібек жолындағы сауда моделін құру арқылы оқушы экономика мен мәдениет байланысын жақсы түсінеді. Осы әдістердің барлығы оқушылардың тарихи ойлау құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Зерттеу жүргізу, ақпарат іздеу, талдау, салыстыру, дәлелді пікір айту, тарихи карта мен деректермен жұмыс істеу қабілеттері жаңа форматтағы сабақтардың нәтижесінде жетіледі. Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық қабілеті артып, цифрлық сауаттылығы дамиды, пікірталас жүргізу, топпен жұмыс істеу сияқты әлеуметтік дағдылар қалыптасады. Білімді бағалау да жаңа көзқарасты талап етеді. Уақыт сызығы, рөлдік ойын нәтижесі, топтық жобалар, рефлексия күнделіктері, электрондық сауалнама, эссе мен тест тапсырмалары арқылы мұғалім оқушылардың оқу жетістіктерін жан-жақты бағалай алады. Бұл әдістер қалыптастырушы бағалауды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, заманауи әдістер Қазақстан тарихы пәнін оқытуды жаңғыртып, оны тек деректер тізбегі емес, ойландырушы, зерттеушілік бағыттағы ғылым ретінде меңгертеді. Өткенді түсінген оқушы ғана қазіргі заманның мәнін ұғына алады. Тарихи білім ұлттық құндылықтарды сақтайтын, елжанды, мәдениетті тұлға тәрбиелеудің негізгі құралы болып табылады. Сондықтан инновациялық әдістер мен заманауи технологиялар тарих сабағының өзектілігін арттырып, оқушыға терең әрі жан-жақты білім береді.



Биялова Алмагуль Жақсылыққызы,
Астана қаласы әкімдігінің
№ 5 «Ақбота» балабақшасының
тәрбиешісі

Балалардың қаржылық сауаттылығын қалыптастырудағы тәрбиешінің рөлі

Аннотация. Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыруда тәрбиешінің атқаратын рөлі, міндеттері және қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдері қарастырылған. Қаржылық сауаттылықтың мәні, оның ерте жастағы балалар үшін маңызы мен тәрбиелік әлеуеті жан-жақты сипатталады. Мақалада қаржылық тәрбиені ұйымдастырудың тиімді бағыттары мен тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар айқындалған.

Тірек сөздер: қаржылық сауаттылық, мектепке дейінгі тәрбие, тәрбиешінің рөлі, экономикалық тәрбие, ақша туралы түсінік, үнемдеу, жоспарлау, саналы тұтыну.

Қазіргі жаһандану дәуірінде экономикалық белсенділік, ақшамен жұмыс істеу дағдылары, тұтынушылық мәдениет және жеке қаржыны басқару қабілеті адам өмірінің маңызды компонентіне айналды. Бүгінгі таңда қаржылық сауаттылық тек ересектер үшін ғана емес, мектепке дейінгі жастағы балалар үшін де аса өзекті мәселе болып отыр. Ерте жастан дұрыс қаржылық түсініктер беру - болашақта жауапкершілігі жоғары, саналы тұтынушы, қаржылық шешімдерді ойланып қабылдайтын азамат қалыптастырудың негізі. Осы тұрғыда балабақша тәрбиешісінің рөлі айрықша, өйткені дәл осы кезеңде балалардың алғашқы қаржылық ұғымдары, мінез-құлық дағдылары және құндылықтары қалыптасады.

Қаржылық сауаттылықты мектеп жасына дейінгі кезеңде дамытудың маңызы - табыс пен шығыс ұғымын түсіну, ақшаның құнын ажырату, үнемдеу, жоспарлау, қаражатты дұрыс жұмсау, қажеттілік пен қалауды айыра білу сияқты базалық экономикалық түсініктерді меңгеру. Мектеп жасына дейінгі кезең - осы дағдылардың бастапқы іргетасы қаланатын кезең.

Зерттеулер көрсеткендей, 4-5 жас аралығындағы балалар ақшаның құндылығын, оның шектеулі ресурс екенін және таңдаудың салдары бар екенін тәжірибе арқылы жақсы меңгереді. Сондықтан балабақшадағы ойындық ортада қаржылық терминдер мен қарапайым экономикалық жағдаяттар енгізу - баланың күнделікті өмірлік дағдыларын байытады.

Тәрбиешінің қаржылық сауаттылықты қалыптастырудағы негізгі міндеттері:

1. Ақша туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру. Тәрбиеші балаларға:

- ақша деген не;
- оның қайда қолданылатыны;
- еңбектің нәтижесінде табыс табылатыны;
- заттардың құны әртүрлі болатыны туралы қарапайым, түсінікті тілде ақпарат береді.

Балалар үшін ең тиімді тәсілдердің бірі - рөлдік ойындар («дүкен», «банк», «кафе»), онда олар ақшаға ұқсас белгілерді қолдана отырып, сатып алу-сату әрекеттерін тәжірибеде орындайды.

2. *Үнемдеу және жоспарлау дағдыларын үйрету.* Тәрбиеші балаларға үнемдеудің пайдасын түсіндіреді. Мысалы:

- «ақша жинайтын қорапша» жасау,
- ортақ ойыншыққа немесе кітапқа «жинау» ойыны,
- «қажеттілік - тілек» кестесін қолдану.

Мұндай әдістер баланы жоспар құруға, шыдамдылық танытуға және ресурстарды дұрыс бөлуге үйретеді.

3. *Құндылықтарға тәрбиелеу.* Қаржылық сауаттылық тек математикалық дағдылар емес, сонымен қатар:

- адалдық,
- еңбекқорлық,
- үнемшілдік,
- жауапкершілік,
- таңдаудың салдарын түсіну сияқты құндылықтарды қамтиды.

Тәрбиеші балалармен әңгіме, көркем шығармаларды оқу, мультфильмдер талдау арқылы қаржылық мінез-құлық мәдениетін қалыптастырады.

4. *Шынайы өмірмен байланысты тәжірибелер ұйымдастыру.* Тәрбиеші келесі тәжірибелік жұмыстарды қолданып, оқытудың тиімділігін арттыра алады:

- «Мини-дүкен» жобасы - балалар сатушы және сатып алушы болып кезектеседі.
- «Отбасылық бюджет» ойыны- апталық «шығындар» мен «табыстарды» жоспарлау.
- Экскурсиялар - банкке, дүкенге, пошта бөліміне бару.
- Салыстыру тапсырмалары - бағаларды, сапаны, қажеттілікті салыстыру.

Мұндай әрекеттер балаларды нақты өмірде кездесетін қаржылық жағдайлармен таныстырады.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер. Тәрбиеші қаржылық сауаттылықты дамытуда келесі педагогикалық тәсілдерді қолданады:

1. Ойын технологиялары: «Дүкен», «Банк», «Супермаркет» рөлдік ойындары; логикалық үстел ойындары (сауда, жоспарлау, ресурстарды бөлу).

Дидактикалық ойындар: «Қайсысы қымбат?», «Ақша жинаймыз», «Сатып аламын – сатамын».

2. STEM және цифрлық ресурстар

- интерактивті тапсырмалар,
- мультимедиялық ойыны бар планшеттер,
- цифрлық ақша макеттері.

3. Жобалық оқыту

- «Менің арманымдағы ойыншыққа жинау» жобасы;
- «Отбасылық қаржы» шағын жобалары.

• Бейнелі материалдар: ойынақша, түрлі заттардың бағасы көрсетілген карточкалар.

• Серуен кезіндегі бақылаулар: дүкенге барғанда бағаларды салыстыру.

• Шығармашылық жұмыстар: балаларға өз «қалауын» суреттетіп, ол үшін қанша үнемдеу керектігін талқылау.

4. Әңгімелеу және көркем әдебиетті қолдану

«Ақшаны дұрыс жұмсау», «еңбектің қадірі» тақырыбындағы ертегілер, әңгімелер арқылы балалар моральдық-этикалық нормаларды меңгереді.

Тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігі. Қаржылық сауаттылықты тиімді қалыптастыру үшін тәрбиеші:

- психологиялық-педагогикалық біліммен қатар,
- экономикалық ұғымдарды меңгеруі,
- заманауи цифрлық құралдарды пайдалана алуы,
- ата-анамен тиімді серіктестік орната білуі қажет.

Отбасымен бірлескен жұмыстар (үйдегі «қаржылық күнделік», ата-анамен бірлескен «дүкен ойыны», бюджет туралы әңгімелер) білімнің жан-жақты бекітілуіне мүмкіндік береді.

Балабақшада - баланың тұлғалық қасиеттері мен өмірлік дағдылары қалыптасатын маңызды уақыт. Сондықтан қаржылық сауаттылықтың негіздерін осы жастан бастап үйрету - болашақта жауапты, саналы, қаржысын дұрыс басқара алатын азамат қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам. Бұл міндетті жүзеге асыруда балабақша тәрбиешісінің орны ерекше. Нәтижесінде балалар мыналарды үйренеді:

1. Ақша туралы бастапқы түсінік қалыптастырады – ақшаның не екенін, не үшін қажет екенін, еңбек арқылы табылатынын біледі.

2. Қажеттілік пен қалау ұғымдарын ажыратады – «маған шынымен керек пе, әлде жай ғана қалаймын ба?» деген сұрақты түсінуге дағдыланады.

3. Үнемдеу дағдысын меңгереді – ақша мен ресурсты орынсыз жұмсамау, жинақтаудың маңызын түсінеді (қоржын, «көмеш», қорапшаға жинау).

4. Жоспарлау қабілеті дамиды – шағын «бюджет» құру, белгілі бір ойыншыққа/кітапқа «жинау» арқылы алдағы мақсатқа жоспарлы қадам жасауды үйренеді.

5. Саналы тұтыну мәдениетін меңгереді – бағаны салыстыру, сапаны ескеру, артық шығыннан қашу сияқты қарапайым шешімдер қабылдауға дағдыланады.

6. Еңбекке құрметпен қарау сезімі қалыптасады – ақшаның артында ата-ананың еңбегі бар екенін түсініп, ысырапшылдыққа жол бермеуге тырысады.

7. Қаржылық мінез-құлықтың моральдық қырын түсінеді – адалдық, жауапкершілік, уәделескен «жоспарды» ұстану сияқты қасиеттер нығаяды.

Ойымызды қорытындылай келе, балаларға қаржылық сауаттылықты ерте жастан үйрету - олардың болашақта табысты, жауапты және саналы азамат ретінде қалыптасуына ықпал ететін маңызды стратегиялық міндет. Бұл процестің ортасында тәрбиеші тұрады: ол баланың алғашқы қаржылық түсініктерін қалыптастырады, құндылықтарға баулиды, жоспарлау, үнемдеу және таңдау жасау дағдыларын дамытады. Тиімді ұйымдастырылған ойындар, жобалық жұмыстар, өмірлік жағдаяттар мен ата-анамен тығыз байланыс арқылы тәрбиеші баланың қаржылық мәдениетінің іргетасын қалайды. Сондықтан педагогтың кәсіби шеберлігі мен жаңашылдығы - осы бағыттағы жұмыстың табысты болуының басты кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты. – Астана, 2022.

2. OECD. Қаржылық сауаттылық және білім: Негізгі мәселелер мен тұжырымдамалар. – Париж: OECD Publishing, 2020. OECD. Financial

3. Агафонова И.Ю. Формирование финансовой грамотности у детей дошкольного возраста. – Москва: Просвещение, 2021.

4. Қалиева А.Т. Экономикалық тәрбие негіздері: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Өрлеу, 2020.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ ТІРКЕЛІП, 2013 ЖЫЛДЫҢ
30-ЖЕЛТОҚСАНЫНДА № 14080-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛДІ

ЗАРЕГИСТРИРОВАН В МИНИСТЕРСТВЕ КУЛЬТУРЫ
И ИНФОРМАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, КОМИТЕТЕ
ИНФОРМАЦИИ И АРХИВОВ ЗА № 14080-Г ОТ 30.12.2013Г

ЭЛ. ПОЧТА: OU2020@MAIL.RU ТЕЛ: +7 705 444 81 51